

Ushqyr oıla! Bیکke samǵa! Álemdi sharla!



Farabi

№09

ҚЫРКҮЙЕК

2024

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

МУЗ САРАЙЫ Түркістан қаласы 2024 жыл



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**



«Жаһандық энергия тапшылығының өсуін ескере отырып, біз сенімді және экологиялық таза энергия көздеріне аса мұқтажбыз. Сондықтан, менің ойымша, атом энергетикасының дамуына барынша назар аудару қажет. Генерацияның бұл түрі біздің экономикамыздың қарқынды дамып келе жатқан қажеттіліктерін едәуір қанағаттандыра алады. Қазіргі уақытта дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық АЭС жұмыс істейді. Біз еліміздің ұзақ мерзімді ұлттық мүдделері мен ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ туралы ойлауымыз керек».

**Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына Жолдауынан:
02 қыркүйек. 2024 жыл**

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№09 (61) қыркүйек 2024

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КҮӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
капталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса»



*Балаларға көп үйретем деп, асығып шалашарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал.

*Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек.

*Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.

*Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.

*Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.

*Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

*Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

*Қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

*Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына

арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

*Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарар.


*Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

*Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.

*Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

*Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Дереккөзі: Bilimall.kz
Суреттер: ашық дерекөзінен.





Қасым-Жомарт Тоқаев Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті

Президенттің Түркістан облысына жұмыс сапары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуден басталды.

Мемлекет басшысы ақын, ғұлама, бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің және кесене аумағында жерленген басқа да тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, құран бағыштады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген кесенеді жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысы «Білім-Инновация» лицей-интернатында болды

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнындағы білім беру процесінің ерекшелігі мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары таныстырылды.

Лицейде жаратылыстану-математика бағытына басымдық беріледі. Атап айтқанда, физика, химия, биология, математика және информатика пәндері бойынша сабақтар ағылшын тілінде өтеді. Ұстаздар оқушылардың академиялық жетістіктеріне ден қояды. Нәтижесінде олар республикалық, халықаралық пән олимпиадаларында және спорт сайыстарында үздік атанып жүр.

Жыл басында жаңа ғимарат пайдалануға беріліп, лицей-интернат Кентаудан Түркістан қаласына көшірілген. Қазір мұнда 500-ден астам оқушы білім алып жатыр.

Президент оқу және үйірме кабинеттерін, спорт залын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті.

Мемлекет басшысы еліміздің келешегі жас ұрпақтың қолында екенін айтып, олардың оқуда озат болуына тілектестік білдірді.

Бүгінде Түркістан облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 14 мың

оқушыға арналған 29 мектеп салынып жатыр. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық бойынша істі болған тұлғалардан тәркіленген қаржыға өңірде 20 білім беру нысаны бой көтереді. Оның 13-і биыл пайдалануға берілмек. Жыл соңына дейін облыстағы 4 апатты және үш ауысымды 5 мектептің мәселесі толығымен шешіледі.



Мемлекет басшысы Түркістан қаласындағы Мұз сарайын аралап көрді

Заманауи үлгіде жабдықталған кешенде шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және хоккей сияқты қысқы спорт түрлерімен жыл бойы айналысуға қажетті барлық жағдай жасалған.

Нысанда Италия, Канада, Германия, Финляндия елдерінде шығарылған қондырғылар орнатылған. Арнайы технология алаңның пішінін өзгертуге мүмкіндік береді. Сол арқылы мұз айдынында бір мезгілде бірнеше спорт түрімен шұғылдануға болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұз сарайын аралап көріп, балалардың өнерін тамашалады. Сондай-ақ



Жобаға мемлекеттен жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайыз болатын жеңілдетілген 2,4 миллиард теңге несие берілді. Бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Ферма «DeLaval» швед технологиялық кешенімен жабдықталған.

Ферма тәулігіне 25 тонна сүт өңдеп, 20-дан астам өнім түрін шығарады. Кәсіпорынның тауары негізінен Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарына, сондай-ақ Шымкент, Алматы қалаларына жеткізіледі.

бапкерлермен және спортшылармен кездесті.

Президент отандық спортшыларды әрдайым қолдайтынын, жетістіктерін бақылап отыратынын айтып, оларға сәттілік тіледі.

Жергілікті «Turan Tigers» хоккей клубының спортшылары Мемлекет басшысына команданың жейдесін сыйға тартты.

Жалпы, Түркістанды әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сай облыс орталығында «Түркістан-арена» стадионы, көпбейінді «Олимпик» орталығы және Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені, «Тұран» футбол академиясының ғимараты бой көтерген. Сонымен қатар 7 теннис корты салынып, жалпы ұзындығы 51 шақырым веложол төселген.



Президент «Бөрте Милка» тауарлы сүт фермасымен танысты

Мемлекет басшысы Ордабасы ауданының Бадам ауылында орналасқан «Бөрте Милка» ЖШС тауарлы сүт фермасын аралап көрді.

2016 жылы негізі қаланған бұл кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде биыл 403 бас сиыр сатып алды. Нәтижесінде қосымша 15 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысы тігін фабрикасын аралап көрді

Президент Ордабасы ауданында «JNRAY Group» серіктестігі биыл іске қосқан тігін фабрикасының жұмысымен танысты.

Аумағы 6 мың шаршы метр болатын жеңіл өнеркәсіп нысанын ашуға мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасы аясында 1,4 миллиард теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа фабрикада киім-кешек, төсек жабдықтары және арнайы киім түрлері шығарылатыны жөнінде мәлімет берілді. Бүгінде кәсіпорында 300 адам жұмыс істейді. Келешекте өнім түрлерін көбейтіп, тігіншілер санын 500-ге дейін жеткізу жоспарланған. Қажетті шикізат көршілес Өзбекстан мен Қырғызстан елдерінен жеткізіледі.

Мемлекет басшысы тігін цехын аралап көріп, өнім үлгілерімен танысты.



Akorda.kz

Саябек Сахиев:

АЭС – ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМЫТАТЫН ЖАҢА МҮМКІНДІК

Халық алдағы ондаған жыл бойғы ел энергетикасының болашағын анықтайтын таңдау алдында тұр. Мұндайда білікті маманның пікіріне құлақ түру – байырғы әдетіміз. Ядролық физика институтының (ЯФИ) бас директоры Саябек Сахиевті әңгімеге тартып, АЭС төңірегіндегі өзекті сауалдарды қойған едік.



бойы ешбір ақаусыз жұмыс істеп келе жатқан ССР-Қ (су-суреактор – Қазақстан) ғылыми зерттеу реакторы бар. Критикалық стэнд, түрлі үдеткіш пен МАГАТЭ қолдауы арқасында ашылған 3 оқу орталығы (Радиациялық қауіпсіздік (2000 жылы), Бұзылмайтын бақылау (2003), Ядролық қауіпсіздік (2017) бар.

Қазірге дейін аталған оқу орталықтары 5 000-нан аса сала мамандарын даярлап қойды. Егер референдум нәтижесінде АЭС құрылысы мақұлданса, қажетті кадрдың 1 400 техникалық маманы институт базасында тәжірибе жинап, бірнеше апталық курстан өтеді. 3 жыл бакалавриат сатысында 400 жоғары білікті маманға Ядролық физика институтының базасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Алматы энергетика университетінің оқытушы-профессорлары дәріс оқиды. Даярлау бағдарламасының соңғы жылы мердігер компанияның реакторларында тағылымдамадан өтумен аяқталады.

Бұл арқылы мамандар даярлауға бөлінетін республикалық бюджеттің 3 жылдық қаражаты үнемделеді. Яғни кем дегенде 70-75% қаржысы сақталады. Сондай-ақ білім беретін профессор-оқытушы құраммен ЯФИ ғалымдарының арасында тығыз әріптестік байланыс нығаяды. Тағы бір маңызды мәселе – болашақ АЭС-ке қажетті мамандарды жатақханамен қамтамасыз ету қажеттілігі. Яғни мемлекеттік бағдарлама шеңберінде ЯФИ орналасқан Алатау шағын ауданында жатақхана салу керек. Өйткені қызметкерлер мен олардың отбасыларының бір елді мекенде тұруы – АЭС-тің тиімді жұмысының маңызды құрамдас бөлігі.

— **III + буын реакторын жасаушы қайсы компания екенін білуге бола ма?**

— Қазіргі сәтте III+ буын реакторын салып, іске қосып жатқан «Росатом» МК-дан басқа Францияның – 2, Кореяның – 2, Қытайдың 1 компаниясы бар. Бұл кәсіпорындар ұсынып отырған реакторлар электр қуаттылығы – 1 000–1 600 МВт аралығында. Қуатына байланысты реакторлар бағасында да айырмашылық бар.

— Саябек Қуанышбекұлы, референдумда халық АЭС-ті құптаса, оған қажетті маманды өзімізде даярлай аламыз дегенді жиі айтасыз. Бірақ АЭС-ті құрушы, оны іске қосушы компания керек персоналды өзі даярлайтын функция бар емес пе еді?

— «Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС мәліметіне сүйенсек, елде құрылысы жоспарланған болашақ АЭС-ке өнеркәсіптік мақсатта 2 000 маман керек. Оның 200-і – өндірістік-шаруашылық тобының қызметкерлері. Институт оларды даярламайды. Қалған 1 800 кадрдың 1 400-і оператор, инженер, жүйелерге қызмет көрсететін техникалық қызметкерлер болса, қалған 400-ін жоғары білімді мамандар құрайды. Міне, осы кадрлар Ядролық физика институты базасында даярлануға тиіс.

Бұған негіз – институттың атом саласы үшін кадрлар даярлаудағы үлкен тәжірибесі мен қажетті инфрақұрылымы. Атап айтқанда, салынатын АЭС-тің прототипі болып саналатын, 57 жыл

Дегенмен осы III+ буын реакторларына МАГАТЭ қоятын қауіпсіздік талаптары бірдей. Референдум оң нәтиже берген жағдайда, елде АЭС салатын компанияны арнайы мемлекеттік комиссия анықтайды.

Бұл реакторлардың техникалық сипаттамасы бірінші кезекте қуатымен ерекшеленеді. Сондай-ақ әрбір жағдайда АЭС салушы ел өз өнімін пайдаланады. Таңдау кезінде сараптама комиссиясы осы мәселелерді ескереді. Мысалы, осы 4 компанияның портфеліне қарасақ, «Росатом» өз елінде және әлемнің бірқатар мемлекетінде – 21, қытайлық CNNC – 10, корейліктер мен француздар әрқайсысы 3 реактордан салып жатыр.

Барлық компанияның біліктілігі мен құзыреттілігі бар. Егер референдумда ел азаматтары АЭС салуды қолдаса, 4 компания ұсынысын саралап, ең тиімдісін таңдау қажет. Бұл ұсыныстар қатарында технологиялар трансфері, соның ішінде АЭС отынын елімізде өндіру, кадр даярлау, жаңа зерттеу реакторын салу, стансаны пайдалану кезіндегі шарттар бар. Ең тиімдісін таңдап, ұзақмерзімді серіктестікке жол ашу маңызды.

— Халық арасында АЭС құрылысына қарсылық, наразы пікірлер де бар. Олар АЭС мәселесі саяси мақсатқа пайдаланылып кете ме деп алаңдайды. Бұған қатысты не айтасыз?

— АЭС салу туралы шешімді жалпыхалықтық референдумда халық қолдаған жағдайда ғана компаниялар ұсынысы қаралады. Вендорларға қатысты сұрақтармен айналысатын «ҚАЭС» ЖШС мәліметінше, ел аумағында АЭС-ті салу жағдайында стансаны басқарудың екі нұсқасы бар. Бірінде, егер АЭС салатын компания қаржыландырса, нысанның құрылысы аяқталғаннан кейін кәсіпорынға оны пайдалану құқығы беріледі. Бірақ меншік құқығы

мемлекеттің өзінде қалады. Мердігер компания тұтынушыдан алынған қаражат есебінен АЭС-ті салуға кеткен шығынды қайтарған кезде объектіні пайдалану құқығы да мемлекетке өтеді.

Екіншіден, мердігер компания реактор жобасын қаржыландырып, жобалай алады, сондай-ақ станса салып, жалға алынған АЭС-тің қызметі үшін тұтынушыдан ақысын ажыратады. Жалдау ақысы осылай төленеді. Яғни келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін барлық пайдалану құқығы тапсырысты орындайтын компанияда болады. Десек те, барлық жағдайда нысан мемлекет меншігіне өтеді.

Қазір бүкіл әлемде орнатылған қуаты 374 ГВт болатын 415 ядролық реактор жұмыс істейді. Олар дүние жүзіндегі жалпы электр энергиясының шамамен 10%-ын өндіреді. 61 реактордың құрылысы жүріп жатыр. АЭС – саясат емес, энергетикалық қауіпсіздік. Энергетикалық және экологиялық міндеттердің шешілуі ғана емес, ғылыми зерттеулер мен білім бағдарламаларын дамыту – үшін жаңа мүмкіндік.

– Мемлекет басшысының Жолдаудағы АЭС-ке қатысты айтқан ұсыныс-пікірін қалай қабылдадыңыз? Сала маманы ретінде қандай баға бересіз?

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын кезекті Жолдауында елге сенімді және экологиялық таза қуат көздері қажет екенін атап өтіп, атом энергетикасын дамытудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Ел үшін маңызды шешімдер халықтың қатысуымен қабылдануға тиіс, сондықтан Мемлекет басшысы елімізде АЭС салу бойынша жалпыұлттық референдум өткізуді тапсырды.

Ядролық физика институты атом энергетикасы саласындағы жарты ғасырдан астам тәжірибесімен, бірегей базасымен, білікті кадрларымен осы ауқымды жобаны әзірлеуге және іске асыруға өз үлесін қосуға дайын. Біз АЭС құрылысы елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, отандық ғылымды, технологияларды және өнеркәсіпті дамытуға қуатты серпін беретініне сенімдіміз.

Әңгімелескен –
Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Сұхбат «Egemen Qazaqstan» газетінен алынды.
АЭС суреті: smartnews.kz



Тараздық оқушы қалқымалы күн электр станциясын жасап шығарды

Тараз қаласының мектеп оқушысы тұңғыш қалқымалы күн электр станциясын құрастырды, деп хабарлайды 24.kz.

Қанат Тәжіханның жобасы қазірдің өзінде Алматы облысында іске қосылып, алғашқы тәжірибеден сәтті өтті. Жас өнертапқыштың тың идеясы «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы аясында қаржыландырылып, жүзеге асқан.

Жас өнертапқыш Қанат Тәжіхан жобаны жүзеге асыруға 5 жыл уақытын арнапты. Әуелі жетекшісінің бағыт-бағдарымен қалқымалы күн электр станциясының сызбаларын жасап, макетін әзірлеген. Нәтижесінде трекердің көмегімен өзін-өзі тазалайтын бағдарламалық жүйесі бар жаңа станса пайда болды.



жаңашыл және өте мықты технологиялар арқылы жасалған. Күн трекерін жасадық. Себебі судың бетіне орналастырылғандықтан, күн әрқашан да өзінің траекториясын ауыстырғандықтан, біз өте эффективный күн трекерін жасадық.

Қазір Қанат Тәжіхан күн электр станциясының 4 түріне тәжірибе жасап жатыр. Судағы қалқымалы жобадан бөлек, кәдімгі стационарлық, бір және екі өсті жүйе жұмыс істеп тұр. Осылайша, қайсысы тиімді әрі үздіксіз энергия өндіретінін анықтағысы келеді.

Айта кетейік, ғылыми жоба қайтарымсыз 3 миллион теңге грант көмегімен жүзеге асырылды. Енді инвесторлардың тарапынан қолдау болса, оны әрі қарай дамытқысы келетінін айтады.

Авторлары: Нұрсұлтан Мұхамеджан, Анастасия Сүлейманова, Бақытжан Бапаев, Эльдар Байділді

24.kz сайтынан;

Суреттер: Қазақпарат сайтынан алынды

Ерболат Қасқарбаев, Назарбаев Зияткерлік мектебі физика пәнінің мұғалімі:

– Физика пәнінің мұғалімі ретінде электротехник курсы 6-7 сыныптарда жүргізіліп, оқушыларды неше түрлі ғылыми жобаларға қызықтыру жүргізіліп жатты. Күн электростанцияларымызды Теріс-Ащыбұлақ өзенінің бойына қойып көрсек қалай болады екен, қандай пайдасы болатыны туралы жан-жақты зерттеулер жасаған болатынбыз. Қанаттың жобасы қазірдің өзінде Алматы облысындағы экологиялық аймақтардың бірінде жүзеге асырылып жатыр. Қуаттылығы 6,5 киловатт болатын Қазақстандағы тұңғыш қалқымалы күн электр станциясы су бетіне жіберілді. Өнертапқыш өрենнің айтуынша, күн панельдері жерге орнатылған жүйеден 15%-ке артық энергия өндіре алады. «Алдағы 5 жылда өз-өзін толық ақтайды», - дейді.

Қанат Тәжіхан, өнертапқыш:

— Су күннің бетін шағылыстыру арқылы 15% көбірек энергия өндіреді. Бұл станция өте





Ақтөбе облысының Қарғалы ауданы, Бадамша ауылындағы мектеп-бөбекжай-бақшада білім алып жүрген жас физик Нечаев Артур мобильді және портативті құрылғыларды кез-келген жерде қуаттауға арналған термoeлектрлік генератор ойлап тапты. Бұл құрылғы Пельтье элементінің негізінде құрастырылған.

Жас өнертапқыштың айтуынша, қазіргі таңда қыс мезгілінде мобильді құрылғылардың батареяларының тез таусылуы үлкен мәселе болып отыр. Әсіресе, қолайсыз ауа райында құрылғыларды зарядтау қиынға соғады. Осы мәселені шешу мақсатында Артур бірнеше сынақтар жүргізіп, Пельтье элементінің негізінде қуат көзі таусылған құрылғыларды жедел түрде зарядтайтын генератор жасап шығарды. Оның құрылғысы кез-келген аймақта, ауа райының қолайсыздығына қарамастан қолдануға ыңғайлы.

Нечаев Артур 6 жылдан бері «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысып, өз білімін жетілдіріп келеді. Ол облыстық байқауда үш рет Гран-при иегері атанып, республикалық деңгейде екі рет бірінші орын алған. Жас өнертапқыш болашақта физика саласының маманы болуды мақсат етіп, ғылыми ізденістерін жалғастыруда.

Артурдың термoeлектрлік генераторы - экологиялық таза, энергияны үнемді қолдануға бағытталған және алыс аймақтарда да құрылғыларды қуаттауға мүмкіндік беретін инновациялық жоба.

Ақтөбе облысының білім басқармасы сайтынан.



Келіңіз, қадірлі оқырман!
Қай-қайсыңызда Farabi shákirti журналына жазылып, Сіз іздеп жүрген дүниені оқи аласыз. Әсіресе, бұл басылымның ұл-қыздарыңыз үшін пайдасы орасан.

ИНДЕКС 76081

2025 жылға жазылу бағасы

FARABI SHÁKIRTI
6 ай қала және ауыл/село бойынша – **3187.20**

Электрондық форматта

12 ай – **6374.40**

Заңды тұлғалар үшін:

6 ай – **3541.68**

12 ай – **7083.36**



Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқырманға тарайтын, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-аналарға арналған Республикалық танымдық журнал.

Тел: 8 (701) 730-93-12
Алматы

**Мәлімет «Қазпочта» АҚ-ның ресми каталогынан алынды.*

«Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жадымызға қадап қалдырған тілі жоғалмайтын ұлт болу үшін бүгінгі жас ұрпақты отбасында ата-ана, мектепте – ұстаз, қоғам болып тәрбиелеуде нендей іс атқарып жатырмыз? Ұлтымыздың тілін сақтап, оны құрметтеу туралы Мемлекетіміздің «Тіл туралы» Заңын басшылыққа алып, барымызды салып айтып келеміз. Әлі де қазақ тіліне қырын қарайтын жайттардың куәсіміз. Қазақ ғұламаларының даналық сөздерін балалар мен жасөспірімдерге жаттатқызып, санасына зерделеудеміз. Нәтиже жоқ емес. Жүрегі «Елім!» - деп соғып, ана тілін қастерлейтін ұрпақтың легі өсуде деп қуанамыз.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Сол мемлекетте кіндік қаны тамған әр ұлт қазақ тілінде сөйлеп, салт-дәстүрлерімізді құрметтеп, ортақ шаңырағымызды гүлдендіруге бар ынта-ықыласын жұмсап, игі істердің жанашыры болған ғибратты дүниелерді Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысынан білеміз. Ұлт пен ұлыс жұдырықтай жұмылып, ел ертеңі – жаңа буын ұрпақ тәрбиелеу жолында тату-тәтті өмір сүріп, ынтымағы жараса еңбек етуде. Осы тұста «Тілі басқа тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» ұлт өкілдерінің ана тілімізде сөйлегенін көріп, сүйсінесің.

Алматы қаласы, Алмалы ауданындағы №15 - гимназияға арнайы шақыру алып келіп, «Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» - атты Тіл мерекесіне арналған шараның басталуын күтіп отырып, айтқан пікірлеріміздің түйінін қойдық.

Мектеп – білімнің қайнар бұлағы ғана емес, шәкірттерін сол бұлақтан сусындататын ұстаздар

шеберліктерін шындайтын орта. Сахнаға шыққан оқушылар гимназия туралы қысқаша баяндап өтіп, ана тіліміз туралы ойшылдарымыздың айтқан даналық сөздеріне тоқталды. Қазақтың бес арысының образында ортаға шыққан оқушылар:

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл, – деген Шәкәрім Құдайбердіұлының, тіл туралы айшықты ойларын қалдырған Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтың даналық сөздерін айтып, жиналғандарға ой салды. Дарынды ұлдардың бес арыс образына айналып сахнада жүрегі езіле болашақтың рухты жастарына өсиет айтқан сөздері әсерлі болғанын соғылған ду шапалақтан



аңғардық. Ролде: 11 «Б» сынып оқушылары - Қалдаш Нұрасыл мен Тілекұлы Ескендір, 11 «Ә» сыныбынан Қайреден Димаш, Аманжол Еділ, 9 «В» сынып оқушысы Әділ Алихан алаш ардақтыларының образын дәл келтіргеніне риза болдық.

Үкілі домбыраларын қолға алып, ортаға шыққан 10 «А» сыныбының оқушысы Сейтхан Әрсен, Арманұлы Әди, 9 «А» және «Ә» сыныбынан Сәрсен Ұлжан, Сәрсен Балжан, Адай Әбілмансұр, 8 «Б» Берікұлы Мансұрдың күйін сүйсіне тыңдадық. 9 «В» мен 11 «А» сыныптарының ұлдары Сұлтанбек Әли, Сайдали Рауан, Адайымхан Нұрасыл мен Молдашев Рамир ән шырқады.

Гимназия шәкірттерін қазақ, орыс, ағылшын және француз тілінде оқытады. Сахнаға шыққан оқушылар төрт тілде еркін сөйлеп, ой-пікірлерін



айтып өтті. Тіл туралы қанатты сөздер оқыған оқушылар: 9 «А» мен 8 «Б» сыныбының қыздары - Аманжол Ботагөз Болат Балымзере Жусупова Томирис Уалхан Томирис Сатбекова Алуа, Дубек Нұрқыз Нұрқасым Муслима Курмангажиева Аяна Тлеутай Адина Қайреден Айару Тіл туралы қанатты сөздерді айтса, 9Б Қабақбай Бибіжан, Айтқожа Балым (9 «Б»), Адильбек Сабрина (10 «Д»), Мырзағали Айғаным, Мамреева Айсұлу (10 «А»), 9Ә Кульжаханова Атия (9 «Ә»), Асылбек Диана (10 «В») үш тілде жасаған презентациясына қысқаша тоқталды.

Ұлттық киім киген 6 - сынып оқушылары хормен ән шырқады. Ана тілімізді құрметтеудің



үлгісіне арналған мерекелік шара гимназияның өнерлі оқушыларының орындауында «Жаса, қазақ тілі!» әнімен аяқталды.

Қазақстандық ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, “Парасат орденінің” және “Тіл жанашыры” құрмет белгісінің иегері ОСМАН Асылы Әлиқызы, А.П.Чехов

атындағы Орталық қалалық кітапхананың жетекшісі ҚҰРАМЫСОВА Толқын Алижанқызы, Тіл мерекесіне арнайы келген ұйғыр және курд этнос өкілдері сөз сөйлеп, әсерлі ойларымен бөлісті.

Гимназияны он сегіз жылдан бері білімі мен кәсіби біліктілігін менеджерлік бағытқа жұмсап, білім мекемесін Алматыдағы іргелі мектептер қатарына қосқан директор ОСПАНБЕК Бұлбұл Расбекқызы мерекелік шараны қорытындылап, ойын ортаға салды. Тіл мерекесіне келген қонақтарға өзінің тәжірибесін зерделеп жазған «Тау өзені» кітабын сыйға тартты. Мерекелік шараны көпшілік көңілінен шығатындай дәрежеде ұйымдастырған әдістемелік бірлестік жетекшілері Роза Қайырбековна, Кенжегүл Қыпышовна, Карлығаш Абаевна, Макишева Г.Н., Жамиля Бакторазовна, Дячкова Марина, сценарийін жазған Рахметова Ергүлге алғыс айтылды. Жастық жігеріне білімі мен іскерлігі сай жас мұғалімдер Ұлжан Әділғазы, Гүлім Жахан, Гүлбану Душмуратова, Әсел Жамбыл мен Эльмира Жанбаеваның белсенділігін де атап өткен орынды.

Гимназия кітапханасын ұзақ жылдардан бері басқарып, балалар мен жасөспірімдер үшін өткізілетін сантүрлі шаралардың ұйытқысы, ұйымдастырушысы болып, әр істің бел ортасынан табылатын кітапхана меңгерушісі Мыңжасарова Райхан Мұқтарханқызына қонақтар ризашылығын білдірді.

Ж.Кучукова,
«Farabi shakirti» журналының бас редкаторы

МЫҢ БАЛАНЫҢ АСЫЛ АТАСЫ

Жетім мен жесірді, кам көңіл жандарды демеген, көңілінде кісіге деген еш кір болмаған адамды кім дейміз? Тұлға дейміз! Сөзден гөрі іске басымдық берген жанды ше? Абыройлы азамат дейміз. Атақты ғалым, абзал азамат Әбдімұса Мұратұлы - тағдырдың ауыртпалығын арқалаған талайдың маңдайынан сыйпаған адам. Қолдап, қуаттауды өзіне парыз санап, жақсылығын жұртқа жария қылудан қашқақтап өткен жанды менің таныстығым 2011 жылдың көктемінде басталған еді. Бастамаларының бәрі - адамдық пен терең парасатқа негізделетін жан жиі ерекше қажеттілігі бар жастардың білім алу жайына бас қатыратын.

Сол мақсатта жиі Түркістан облысының ерекше қажеттілігі бар оқушыларының басын қосатын. Сондай бір жиында дара тұлғаман танысу бақыты бұйырды. Мейірбандылық - кеуденің мәңгі күміс қоңырау соғуы. Мейірбандылық - жоққа болысу, барды халықпен бөлісе білу. Бұл - Әбдімұса Мұратұлының болмысы еді. 1942 жылы 4 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданында дүние есігін ашқан ол, өмірге хәм білімге жаны Шоқан сияқты мәңгі ғашық болып өткен жан. Ғылым адамы болу - бір ғұмыр ізденіс жолында жүру, танымыңды сәт санап кеңейте білу, білімді толассыз жия беру. Бұл жолда сын мен сый қатар кездеседі. 1960 жылы Ташкент мемлекеттік университетін, 1968 жылы Қазақстан ҒА-ның Химия ғылымдары институтының аспирантурасын аяқтаған.

Саналы ғұмырын білім-ғылымды дамытуды мақсат тұтқан жанның өмір жолы - бір аңызға бергісіз естеліктерге толы. Химия ғылымының докторы үнемі ізденді. Ізденістегі адамдарды өте жақсы көрді. Демеу үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Ізгі жүректі жанның П.Капица атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты атанғанда

күллі алаш баласы ерекше қуанды. Сол кездесуде ғалым:

— Менің бақытым - жақсылық жасай алатын білімнің болуы. Адамзатты игілікке бастайтын білім болса, сол игілікті сақтайтын күш - достық. Сол мақсатта 1999 жылы Халықтар достығы университетінің ірге тасын қаладық. Достықтың арқасында адамзат жер бетінде. Осыны өскелең ұрпаққа ұқтыру жолында

еңбектенудеміз. Тағдырды адам өзгерте алады. Білім алса, жақсы тәрбие көрсе - тағдырының тауқыметін жеңілдетеді. Рухы оянады. Жастарды барынша оқыту керек! Жастар құр жүрмесе, кітап оқыса - ойлана бастайды. Ойлана білетін жастардың жолында еш кедергі қалмайды. Білім





алу көп қайрат - күшті талап етеді. Шыдауға тырысқан адамның ғана болашағы бар. Болашақ - оқу мен білімнің арқасында жарқырайды, нұрланады. Адалдықтарың мен адамдықтарың тең болып, өздерің білімге ден қойсаңдар болды. Сендер - білім теңізінде ұзақ сапарлайсындар! Осыны ұмытпаңдар, балаларым - деп ағынан ақтарыла өз ойын жеткізгені кеше еді.

Әбдімұса Қуатбеков сонымен қатар Жоғары ғылым академиясының академигі, Өзбекстан, Ресей, Нью-Йорк ғылым академиясының академигі, ҚР Жаратылыстану және Ресей педагогика және психология ғылымдары академияларының академигі. Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы», ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік» және «А.Нобель» алтын медалінің, ОҚО сіңірген еңбегі үшін мерекелік медалінің иегері, Халықаралық Сократ комитеті Еуропалық бизнес ассамблеясының «The Name is Scinese» жүлдесінің иегері ретінде тарих бетінде есімін ойып жаза білді. Ізгілікке бастады. Ғажапқа сендіре білді. Қамқорлығын аямады. Жақсылықты есеппен емес, шынайы жүректің қалауымен жасады. Өзі басшылық еткен жоғарғы оқу орнында жастарға тегін білім алуға мүмкіндік жасағанынан бөлек, бірнеше жасты Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті және Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне, Жамбыл облысындағы М. Дулати атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түсуіне жәрдем еткеніне сол жылы куә болған едік.

Қазір сол жандар әр салада жемісті еңбек етіп жүргені анық. Татардың ұлы ақыны Ғабдолла


Тоқай: "Даналардың ісінен өнеге алдың ба? Жүрегіңнің түбіне тоқыдың ба? Онда соны көпке жеткіз" деген. Өмірімдегі Әбдімұса Мұратұлымен кездескен шағым - рухымның оянған шағы. Арада он төрт жыл өтсе де маған сондай жылы естелік әлі жүрегімді жылытады. Өнегесі санамда сайрап қоя береді. Мен - Қуатбеков шәкіртімін! Сол оқу орнында кездесуден 6 жыл өткеннен кейін студент болдым. Өз дертімнің жайын тереңнен ұғып, өзімді тану үшін "дефектология" мамандығын бойынша білім

алдым. 2018 жылдың қазан айында көңілі баладай аңғал, мың баланың атасы Әбдімұса Мұратұлы бақилық болды.

2019 жылы университет - Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті деген атқа ие болды. Жаны жомарт ғалымның жарқын ісін жары - Карамат Қуатбекова мен перзенттері жалғап келеді. "Абыройдың биігіндегі адам - келешектен еш ұялмайтын адам" деген пікірді жиі айтып өткен жанның сара жолы - білімді ұрпақ. Биылғы жылы әлем ғалымы қазығын қаққан оқу ордасына 25 жыл толады. Бүгінде оқу ордасы дамудың даңғыл жолында. Отыз төрт бакалавр, он төрт магистратура, үш доктурлантура мамандықтары бойынша білікті кадрлар дайындау үстінде. Оқу ордасындағы әрбір жас студент - абырой биігінен түспеуді мақсат тұтады. Бұл алыптың ізін жалғау.

Өн бойында ізгіліктің жарық шамы жарқырап жанып тұрған, жастардың жарқын болашағын көкसेген, кітап оқуды барынша насихаттаған ғалымның жаны жұмақ төрінде шалқысын. Қазығын қаққан оқу ордасы – руханият пен білімнің алтын ордасына айнала бергей!

ТОПАНБАЙ Мейірхан,
Республикалық
«Шапағат» шығармашыл
Жастар байқауының бас
жүлде иегері.
Түркістан облысы



Бөкей ордасындағы Жәңгір хан мектебінің ашылғанына екі ғасырға жуықтады

Мұхтар МАҒАУИН, жазушы:

«Қазақ елін ежелгі еркіндігінен айырып, отарлық тәртіп әкелген XIX ғасырдың бас кезіндегі ең елеулі оқиға – Бөкей Ордасының құрылуы болды. Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1801 жылы бейбіт келісім жолымен, бұрынғы Алтын Орданың, кейінгі ноғай-қазақтың құт мекені Жайықтың батыс бетіне, Еділге дейінгі кең алқапта қоныстануға мүмкіндік алды. Атажұртқа ірге аударған жұрт Бөкейді хан сайлады. Ресей дәрегейіндегі, бірақ өзіндік басқару жүйесі бар жаңа ұлыс Ішкі немесе Бөкей ордасы деп аталды. Сөйтіп қатарынан озып туған, көреген Бөкей хан кіріптар заманның өзінде Алаш ұлының өрісін кеңейтті. Еуропаның үлкен бір мемлекеті сыйып кетердей кең байтақ, құйқалы қонысты біржолға қайтарып алды».

(«Қазақ тарихының әліппесі» атты кітабынан).



Еліміз мектептерінің тарихын зерттедік. Бүгінде 7859 мектепте 3,9 миллион оқушы білім алады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен соңғы жылдары «Жайлы мектептер» салынып, шәкірттер білім алууда.


«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам», - деп ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, осыдан екі жүз жылдай бұрын сахара даламыздың төсінде алғаш ашылған Жәңгірхан мектебі бар. Кейбір зерттеушілер Жәңгір мектебінен шыққан арыстардың арасынан Асан Тайманов бастаған жиырмадан астам академик шыққанын айтады. Бар қазақтың баласының басын қосып, білім беріп қанаттандырған мектептің тарихы мен бүгінгі тынысы жайлы білмек ниетте Н.А.Шарафетдиновке хабарластық. Нысанбек Ахметкерейұлы Бөкейордасы ауданы, «Жәңгір хан атындағы» мектептің директоры.

Мектеп әкімшілігі ұсынған мәліметтермен таныса бастадық. Оқырманға алдымен Жәңгір хан хақында қысқаша баяндап өтейік.

Жәңгір хан - Бөкей ордасының соңғы ханы

Әбілқайырдың шөбересі, Нұралы ханның немересі, Бөкей ханның баласы. Генерал-майор, Қазан университетінің құрметті мүшесі. Бөкей хан қайтыс болғанның кейін орданы Шығай сұлтан уақытша, немере інісі Жәңгір ер жеткенше басқарады. Жәңгір Астрахан губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алды, халықты әкімшілік тұрғыдан басқару әдіс-тәсілдерін үйренді. 1823 жылдан бастап билік хан тағының заңды мұрагері Жәңгірдің қолына көшеді. Ол басқарған 22 жылда біршама реформа





4-х классное городское училище с педагогическими курсами. Единственное учебное заведение в Бухарской степи, которое давало среднее образование.

жүзеге асты. Жасқұста сәулетті астана-Хан ордасын салдырды.

Еуропалық өркениет жетістігін қазақ тұрмысына дарытуды ойлаған. Әсіресе мектеп ашу, жастарды гимназияда, кадет корпусында оқытуға көп көңіл бөліп, үлгі ретінде өз балаларын оқуға жастай аттандырған. Қазан университетінің профессорлары – ректоры К.Фукспен, шығыстанушы ғалым А.Казембекпен жақын танысты. Араб, парсы, неміс, орыс тілдерін жақсы меңгерген, көркем әдебиетті, мерзімді баспасөзді тұрақты оқыған, танымдық басылымдар мен шығыстың көне кітаптарын жинаған. Қазақ шежіресін жазуға ниет еткен, соңында ғұмырбаяндық туынды жазып қалдырды. Ордада 2 мешіт, дәрігерлік бөлімше, дәріхана, тұрақты жәрмеңке аштырды. Өз сарайын да келістіріп, мазмұнды кітапхана ұстады, қару-жарақ бөлмесін жарактаған.

Жас шағынан зиялы ортаның арасында тәрбие алып, білім алған Жәңгір туған халқына білім тұнығын сыйлауды армандап, игі істерді істеді. Халықтың көзін ашудағы Жәңгір хан ісі ұлы бастаманың бірі болуы. Жәңгір 1831 жылы Орынбор генерал губернаторы Эссенге хат жолдап, мектеп үйін салуға көмектесетіндігі туралы уәдесін алады. Сонымен Қазақстан бойынша алғашқы рет 1841 жылы Ішкі Орда қазақтарының



балаларына орысша оқыту үшін бастауыш мектеп ашылады.

Жәңгір хан 1839 жылдан бастап қазақ балаларын жоғары оқу орындарына атап айтқанда, Қазан университетіне, орман шаруашылығы институтына, Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусына, гимназияға және азаматтық инженерлер институтына қабылдауды сұрап, патшаға өтініш жазған және оған рұқсат сұраған. Онда бірінші тәрбиеленген қазақ балалары Бөкей хандығынан еді. Мектепті үздік бітіргендерді Жәңгір оқу орындарына жіберіп отырған. Жас шағынан зиялы ортаның арасында тәрбие алып, білім алған Жәңгір туған халқына білім тұнығын сыйлауды армандап, игі істерді істеді.

Мектептің танымал түлектері

Бұл мектепті алғаш бітіргендердің бірі – Шоқан Уәлихановтың тұстасы Мұхаммед - Салық Бабажанов болатын. Ол Орынбордағы Кадет корпусын 1851 жылы бітіріп, журналист этнограф дәрежесіне жеткен. Петербурттағы географиялық



қоғамның толық мүшесі болған. Қазақстанның алғашқы ғалымдарының бірі. Мәжит Шомбалов Мұқаметжанұлы - жоғары білімді дәрігер. Шәңгерей Бөкеев Сейіткерейұлы - атақты ақын. Мақаш Бекмұхамбетов Шолтырұлы – оқымысты этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым. Сейтқали Меңдешов – қоғам және мемлекет қайраткері, саяси қуғын - сүргін құрбаны. Ғұмар Зарипов - белгілі өлкетанушы, Қазақстан халық ағарту ісінің озаты, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі. Елеусін Бұйрин - алғашқы қазақ журналистерінің бірі, ақын, қоғам қайраткері. Бөкей ордасындағы Жәңгір хан мектебінде оқығандардың кейінгі легін Ғақаш Бияшев

Зәкиұлы – ғалым, ауыл шаруашылық ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ерден Әзірбаев Нығметұлы - ғалым, химия ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корр.мүшесі. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері. Фатиха Жұмағалиева - ғалым, медицина ғылымының докторы, профессор. Алма Оразбаева- мемлекет және қоғам қайраткері жалғастырды. Сонымен қатар орыс-түрік соғысының батыры Ғұбайдолла Жәңгіров, Кеңес Одағының батырлары Темір Масин, Ахмедияр Құсайынов, тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналының редакторы Ғұмар Қараш, ақындар Тайыр Жароков, Қайрат Жұмағалиевтей арыстардың есімін атаймыз.

Бөкей ордасы ауданы тарихи – музейлер кешені

Ауданның орталығы – Сайхын ауылына жету үшін Оралдан 600 шақырымға жуық жол жүру қажет.

Жәңгір хан 1828 жылы өз үйінің бір бөлмесіне хан әулетінің атадан балаға ауысар мұрасы саналатын құнды заттарды, ат әбзелдерін, жауынгер қару-жарағын жинастырып, қару-жарақ палатасын ұйымдастырған екен. Бұл - қазақ жерінде ашылған тұңғыш музей деуге болады.

Бөкей ордасы тарихи-музейлік кешен құрамында 1828 жылы салынған Хан сарайы, XIX ғасырда салынған дәрігер А.А.Сергачев тұрған үй, 1835 жылы салынған Хан мешітінің жобасы негізінде қайта салынған мешіт ғимараты, 1867 жылы ашылған Казначейство мекемесінің ғимараты, 1868 жылғы Тарғын мектебі, 1883



жылы ашылған Қыздар училищесі ғимараты, XIX ғасырдағы мектеп қалашығының бес үйі, 1852 жылы ашылған аурухананың екі ғимараты және ауылдан 4 шақырым жерде орналасқан Жәңгір хан Бөкейұлы, күйші Дәулеткерей Шығайұлы және этнограф-ғалым Мұхамед-Салық Бабажанов кесенелері құрайтын Пантеон бар.

«Ғасырмен жарысқан мектебім»

Қазақстанның тұңғыш мектебі ХХІ - ғасырда ондаған жаңа заманның тұлғаларын қалыптастырып, елдің ертеңі үшін адал еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде. Мектеп табалдырығын аттаған әр шәкірттің ілгерілеген көштен қалмай, үлгілі тәртібі, өнегелі білімімен ерекшеленуін мақсат етіп қойған қара шаңырақтың ұстаздарының ерен еңбектері қашанда құрметпен аталады. Жәңгір хан атындағы мектеп оқушылар мен ұстаздары бірегей тұлға мектебінен екенін әрдайым мақтанышпен атайды.

Аудандағы тұңғыш білім беру ұясы 1991 жылдан бастап, Орда орта мектебі деп аталып, сол жылы мектептің 150 жылдық мерекесі тойланды. 1999 жылы желтоқсаннан бастап Жәңгір хан атындағы жалпы орта білім беретін мектеп деп аталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзін басшылыққа алған мектеп ұстаздарының бүгінгі жетістіктерін сөз еткенімізде, әр ұстаздың ата-анамен бірлесіп, жаңа заманның ұрпағына білім беріп, тәрбиелеу ісін жалғастырып келе жатқанын білдік. Жалықпай бала оқытумен айналысқан тәжірибелі ұстаздардың жетістігі – шәкіртінің білімімен өлшенеді. Осы орайда, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының бүгінгі қол жеткізген марапаттарын атап өтсек.

«Педагогикалық идеялар панорамасы»



байқауында II - орын Алмурзина Рита Жоламановна, «Педагогикалық идеялар панорамасы» - III орын Туленгалиев Медет Елтаевич, "Үздік алғашқы Әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі - 2023" облыстық байқауының Облыстық кезеңінде II - орын иеленсе, "БҚО әкімдігі балалар мен жасөспірімдер туризм экология орталығы" МКҚК Алғыс хатымен Унаев Ж.Х. марапатталды.



конкурсында "Экологиялық сауаттылық" бөлімінде II - орын, Шарафетдинова Б.А, Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасынан 4 - сынып оқушысы Хамидолла Айсана III - орын алса, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша пән олимпиадасынан биология пәні бойынша 10 - сынып оқушысы Махамбетова Айзере Алғыс хатқа ие болды.

«Shell Kazakhstan» компаниясының қолдауымен өткен «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» республикалық экологиялық жобалар байқауынан финалға шығып, Махамбетова Айзере, Исаев Медхат, Саху Нұржайна республикалық байқауға қатысты.



Мектепті 2023-2024 оқу жылы «Алтын белгіге» бітірген түлектері

Тарихы терең мектеп ұжымы мен шәкіртеріне, ата-аналарға сәттілік тілейміз!

Дайындаған: Ж.Кучукова,
Батыс Қазақстан облысы.

[1] Egemen Qazaqstan газетінен алынды.



"Педагогикалық идеялар фестивалі" облыстық конкурсында "Шығармашыл толқын" бөлімінде II - орын Аксенова А.Р., "Үздік әлеуметтік педагог-2023" байқауында II - орын Сидекова А.К., Облыстың жалпы білім беретін мектептерінің шығармашыл оқушылары арасында өткізілген «Ақберен» облыстық өнер байқауынан Насипкалиева Аружан II - орын иеленді. 2-7 сынып оқушыларының арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсынан Саміғолла Нұрасыл, Ербулатов Марлен I - орын иеленіп, республикалық байқауға қатысты. Ерлан Диас, Майдан Айсезім III - орын жүлдегері атанды.

Облыстық «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының «Мен мамандықты ... таңдаймын» презентациялар байқауынан Исаев Медхат, Бектемірқызы Диляра жүлделі III - орынға ие болды. «Әбіш оқулары» облыстық ғылыми-шығармашылық конкурсынан 11 - сынып оқушысы Құмар Дильназ III - орын иеленді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 - сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен 5 - сынып оқушысы Тайров Исмаил III - орынға ие болды.

"Педагогикалық идеялар фестивалі" облыстық

ШӘКІРТ МАХАББАТЫ

Өлемде өмір сүріп жатқан адамдар арасында үнемі тығыз қарым-қатынас жүріп жатады. Өмір таныс емес адамдарды бір тағдырға тоғыстырады. Мені тағдыр тоғыстырған жандардың бірі – Малик Майра Маликқызы. Алғаш ол кісімен 2017 жылы қыркүйек айында танысқан едік. Ол кезде арман қуып Алматыға келген балғын шағымыз болатын. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультетіне оқуға түстім. Оқу бағдарламасы негізінде мамандығымызға сай сабақтар басталды. Сол сабақтардың бірі – Қазақ тілінің фонетикасы. Аталған сабақтың семинарынан бізге Майра Маликқызы берді. Өте талапшыл, маңына студент жолатпайтын кісі болатын. Ол кісіге ешкім батып сұрақ та қоя алмайтын. Алдында отырған 25 студент сабақ айтуға қорқып, керек десеңіз, ұмытып қалатынбыз. Оған ешкімнің сабақ айтқаны ұнамайтын еді. Әр сөзден ғылымилық пен талдау іздеп отыратын. Мен мектептен үздік оқушы болып келген соң, фонетиканы өте жақсы оқыдым. Талдауды да жақсы талдайтынмын, бірақ оқытушымыз мойындамайтын. Менің қатты ызам келетін, бірақ «ұстаз», «оқытушы» ұғымының санағы сіңгені соншалық – ол кісіге қарсы келген емеспін. Бар ойым біліммен мойындату болды. Әр тапсырмасын мұқият, қатесіз орындауға тырысатынмын. Күндердің бір күні Майра Маликқызының жақсы оқитын студенттерге ойы өзгере бастады, бізді ұната бастады. Оқу аптасы аяқталып, сессия тапсыратын уақыт та келіп жетті. Дәл осы сабақтың сессиясына мен мүлде дайындалмадым, себебі бәрі миымда тұрды. Талдау дегенді де мүлде қайталамадым, бірақ 100 балл алып шықтым. Осыдан соң Майра Маликқызына іштей шексіз алғысымды білдірдім. Егер ол бізге өте көп талап қоймаса, қинамаса, жауапкершілік артпаса, біліміміздің шала болатынын ұқтым. Ғылымилықтың алғашқы баспалдақтарына қадам осылай жасалған екен ғой.

Қасымда дәл менің күйімді кешкен жақын достарым да болды. Солардың бірі – Тұрлыбай Айша Нұрболатқызы. Біз бірге Майра Маликқызының «ғылыми репрессиясынан» аман шықтық...

Ең қызығы, Айша екеуміз арағы 4 жыл салып, Майра Маликқызымен әріптес болып шыға келдік. Тағдыр бізді Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында қайта тоғыстырды. Жас маман

болып келген бізді ол кісі ақырындап өзіне тарта бастады. Өзінің студенті болғанымызды мақтан тұтты. Білгенімен бөлісіп, әрдайым қолдау білдіріп отырды. Ешкімді танымайтын, білмейтін ортада бізге құшақ ашқан жанның бірі болды.

Майра Маликқызы қазір маған өте мейірімді болып көрінеді. Әлде студент кезде біз оны сезіне алмаған болармыз. Оның оқушыларға деген махаббатын айтып жеткізу мүмкін емес. Көп оқушы, студент оған бата алмауы мүмкін, бірақ талапқа негізделген махаббатын сезінеді.

Қазіргі таңда Майра Маликқызының ғылым мен педагогика саласындағы жетістіктері өте көп. PhD Майра Маликқызы – «Үздік педагог – 2022» атағының иегері. Екі саланы ұштастыра білген ұстазымыз өзін үнемі үздіксіз дамытып отырады. Түрлі байқаулар мен шараларға белсене қатысып, мектеп ұжымы мен оқушыларға да пайдалы дүниелер ұсынады. Майра Маликқызының ұсынысы мен қолдауының арқасында әріптестер болып «Данышпан тұлғаның даналық ойлары» атты кітап шығардық.

Майра Маликқызының ұстаздық жолынан бөлек, адамдық қасиетін үлкен әңгіме деуге болады. Ол 500 000 тг көлемінде өз қаражатынан бөліп, мектеп оқушыларына спорт жабдықтарын сыйлады. Сонымен қатар әріптестерінің денсаулығына алаңдап, оларға сапалы қызмет көрсету орындарын ұсынып отырады. Сол орынға өзі де барып, ауырған жанға дем береді. Бұл ұстазымыздың адамдық қасиетінің бір қыры ғана. Оның адами қасиетін баяндау таңды таңға жалғаған оқиға болары сөзсіз.

Менің өмірімде нағыз ұстаз болған жандар көп болды. Әрине, қазір өмір иірімдерімен алыс жолдарға сапар шектік. Сол жолда қаншама жылдан бері байланысымыз үзілмеген ұстазым – Майра Маликқызы. Ол кісі қандай болса да, қайда болса да, менің оған деген шәкірттік махаббатым ешқашан өшпейді. Егер өмір бізді теріс арнаға бұрса да, мен ол кісіге қарсы келмес едім. Ұстазымның көлеңкесін де баспас едім, себебі ол маған ілім үйретті, сынғанда қолдау білдірді, ауырғанда жанымды емдеді. Өмір дәптерімде ол кісі арқылы қиналдым, сыналдым, бірақ оған деген мәңгілік махаббат пен сыйластық есігін аштым. «ҰСТАЗ» ұғымын жүрегіме бас әріптермен жаздым.

БЕКЖАН Аққидар Омарқызы,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Филология ғылымдарының магистрі

АЭС тарихы

Әлемдегі алғашқы атом электр станциясы, Обнинсктегі АЭС, 1954 жылы іске қосылды. Ол бейбіт тұрғындарға электр қуатын өндіретін алғашқы АЭС болды. Осыдан кейін әр түрлі елдерде атом станцияларын әзірлеу және салу басталды. Осылайша, 1956 жылы Ұлыбританиядағы алғашқы коммерциялық АЭС - Calder Hall жұмысын бастады.

2024 жылғы жағдай бойынша әлемде 31 елде шамамен 415 ядролық реактор жұмыс істейді. Ең көп АЭС саны АҚШ-та (94), Францияда (56), Қытайда (56), Ресейде (36) және т. б. орналасқан.

АЭС пайдаланылған 70 жыл ішінде әлемде ескі реакторларымен тек 3 ірі төтенше жағдай орын алды: АҚШ-тағы Три – Майл – Айлендтегі (1979), Чернобыльдегі АЭС-тегі (1986) және Жапониядағы Фукусима – 1 станциясындағы (2011) апат.

Осы апаттардың тәжірибесіне сүйене отырып, сенімділік пен қауіпсіздік көрсеткіштері барынша жақсартылған жаңа буын реакторлары пайдалануға енгізілді.

Қазіргі заманғы АЭС табиғи және техногендік экстремалды әсерлерге, соның ішінде үлкен магнитудалы жер сілкіністеріне және жанармайдың толық жүктемесі мен максималды жеткізіліміндегі ең үлкен ұшақтың құлауына, 8 балдық жер сілкіністеріне және басқа табиғи құбылыстардан қорғауға төтеп беру үшін теориялық мүмкін модельденген жағдайларда да артық қауіпсіздік қорымен жобаланған.

Сондықтан қазіргі заманғы АЭС-тердегі апаттардың ықтималдығы 10 миллион жыл жұмыс үшін 1 апаттан кем. Бұл ретте көмір ЖЭО-да жарылыс ықтималдығы 80 есе жоғары.

Атом электр станциялары экономикалық, экологиялық, басқа да параметрлердің, сондай-ақ сенімділіктің, қауіпсіздік пен тиімділіктің бірегей үйлесімі арқасында тұрақты энергияны, СО₂ шығарындыларының қысқаруын және энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ететін жаһандық энергетиканың іргелі элементі болып табылады. Энергияға сұраныстың артуы және климаттың өзгеруімен күресу жағдайында олар жаһандық әлемдегі өсіп келе жатқан бәсекелестікте болашақ үшін сенімді және перспективалы энергия көзі болып қала береді, бұл елдерге басқалардан қалыс қалмауға, тұрақты экономикалық өсу мен халықтың әлауқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Жаңарту күні - 27.08.2024
Gov.kz «АЭС тарихы»**



Қазақстан Үкіметін 13 жыл басқарған Нұртас Оңдасынов туралы не білеміз?



«Мен үш нәрседен тазамын. Біріншіден, сонша жыл ел басқарып отырып біреуге нақақтан-нақақ жала жауып, қиянатқа барған емеспін, біреуден бір сом да пара алған емеспін – қолым таза! Екіншіден, 1937-38 жылдардағы қаралы күндерде боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін – арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген емеспін – жүзім таза!».

Бұл – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Үкіметін 13 жыл басқарған Нұртас Оңдасыновтың ағынан жарылып айтқан сөзі. Нұртас Дәндібайұлының өмірі де, қызметтік жолы да нағыз «тар жол, тайғақ кешу» кезеңде өтті.

Сталиндік репрессия мен Хрущевтің билігі жүрген алпысыншы жылдардың басына дейінгі аралықта уақыттың құлы болып қалу оңай еді де, халықтың ұлы болып қалу тым қиын еді.

Ақ-қараны анықтамай, талай қыршынды қынадай қырып кеткен 1937 жылдың соңына қарай бар-жоғы 34 жаста жоғары қызметтің жауапкершілігін арқалады. Оның есімі Қазақстанның даму кезеңімен тығыз байланысты екені даусыз. Абай атындағы Опера және балет театрының, Қыздар педагогикалық институтының құрылуына атсалысып, шаңырағын көтеріп, уығын өз қолымен қадады. Бұдан басқа Қарағанды металлургиясын, Мойынты – Шу темір жолын, теріскейге темір жол тарту, еліміздің мұнай-газ саласын игеруге ұйытқы болды. Қазақ Ғылым академиясын құрып, оған президенттікке Қаныш Сәтбаевты сайлауы адам танитындығын аңғартады. Ол Үкімет басында отырған он үш жыл ішінде жоғарыдан – Мәскеуден түскен бұйрықты бұлжытпай орындайтын орындаушы қызметкер емес, халық мүддесі үшін небір ірі-ірі мәселелер мен бастамалар көтеріп, оны шеше алған қайраткер

дәрежесіне көтерілді. Бірақ, оның осынау қайраткерлігі Хрущевке ұнамай, екеуі қызмет барысында жиі-жиі келіспеушілікке барыпты. Себебі Оңдасынов тың игеру науқанындағы асыра сілтеуге ашық қарсы шыққан.

Нұртас Оңдасыновтың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі өмірі Мәскеуде өтті.

Оны Мәскеуге отбасылық жағдайына байланысты көшті деп жүр. Бұл жайттың түбіне тереңірек үңілсек, сол тұстағы биліктің Оңдасыновты зейнет жасына жетпей тұрып қызметтен аластап қана қоймай, өз ортасынан, өз пікірлестерінен де алыстатуға барынша күш салғанын байқауға болады.



Көзі тірісінде көрнекті қайраткер «Орындалмаған үш арманым бар, - депті.

— Бірінші арманым – зейнеткерлікке шыққан соң Алматыда тұрсам деп едім, Мәскеуге өтіп кеттік. Маған Алматыда тұру бұйырмады. Екінші арманым – оңтүстік облыстарда керемет, талантты жігіттер бар еді, соларды қызмет бабында өсіре алмадым. «Жершіл, рушыл», деп айта ма деп қорықтым. Үшінші – жас кезімде ғылым қусам, кітап жазсам, ол артымдағы ұрпаққа қалса деп армандайтын едім. Бірақ тағдырдың, уақыттың әмірімен үкіметті, облысты басқаруға тура келді. Сөйтіп, жас кезімдегі арманым жете алмадым».

Нұртас Оңдасынов – арнайы ғылым докторы, кандидат деген атақ-дәрежесі болмағанымен, зейнеткерлікке шыққаннан кейін тапжылмай жиырма бес жыл арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздік жазып, бір ғылыми институттың істейтін жұмысын жалғыз өзі атқарып тастаған азамат. Үш жасынан жетімдіктің тауқыметін тартып, ауыл молдасынан хат таныған ол тынбай



оқу іздеп, білімділігімен биікті бағындырды. Жетелеусіз жемісті еңбек етіп, жетістікке жетті. Қайсыбір жылғы қоңыр күзде, яғни 15-16 қазанда көрнекті қоғам қайраткерінің кіндік қаны тамған киелі Түркістан шаһарында 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл той барша мұсылман баласы қадір тұтатын қасиетті рамазан айының басталуымен тұспа-тұс келді.

Қаланың орталығынан Нұртас Оңдасыновтың аллеясы, тарих тереңінен сыр шертетін мұражай мен «Дарын» мектеп интернаты ашылды. Азаматтың туған ауылы бұрынғы Аманкелді кеңшарында, қазіргі Нұртас ауылында аруағына Құран бағышталды. ХҚТУ-дың мәдениет сарайында ғылыми-теориялық конференция өтті. Бірақ бұдан Оңдасыновтың бар болмысы, атқарған ісі, тарихтағы орны, қайраткерлігі, азаматтығы – бәрі-бәрі айтылып, толық ашылды деуге болмайды.



Оңдасынов өмірі мен қызметінің зерттелмеген, ашылмаған жақтары өте көп. Ең өкініштісі – Н.Оңдасыновты кейінгі ұрпақ жақсы тани бермейді. Газет беттерінде де аз жазылып, экраннан мүлдем көрсетпейді десе де болғандай. Бұл биыл туғанына 113 жыл толған Нұртас Оңдасыновтың даналығын, даралығын дәріптеуге лайық тірлік пе?

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,
«Егемен Қазақстан»



Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы - Қазақ халқының біртуар дарынды тұлғасы 1904 жылы 26 қазанда Түркістан жерінде дүниеге келген. Балалық шағында ауыл молдасы Керімқұлдан арабша тәте жазудан дәріс алып, «Батырлар жыры», «Қисса» және «Дастандарды» оқып ұлттық рухта тәрбиелене бастаған. Жастық шағы 1917 жылғы қос төңкеріс, 1918-1920 жылдардағы азамат соғысының аласапран уақытына тап келген. Жастай әкесі мен шешесінен айырылып, 1920 жылы Ташкенттегі №14 мектеп-интернатында 1922 жылға дейін тәрбиелеуге қамқорлыққа алынған. Онда Алаш зиялысы Сәдуақас Оспанов басшылық жасаған. Алаш қайраткері Сәдуақас Оспанов жастардың мықты және рухты болып өсуі үшін Нұртас Оңдасынов, Бейсембай Кенжебаев және Өтеубай Тұрманжанов сияқты талантты жастарды тәрбиелеген. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. 1938-1951 жж. – Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің, Министрлер кеңесінің төрағасы, 1954-1955 жж. – Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1955-1962 жж. - Гурьев (қазіргі Атырау) облысының басшысы. Халық депутаттары облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бірінші хатшысы Н.Д.Оңдасынов 1 қараша 1989 жылы дүниеден өтті.

*Суреттер: Dalanews;
Ana tili; Egemen Qazastay газеттерінен алынды.*

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ТАРИХЫ

1899 жылы Атырау облысының аумағындағы Қарашұңгіл кен орнында 40 метрлік ұңғымадан алғашқы мұнай фонтаны атқылады.

1911 жылы Доссордағы алғашқы мұнай фонтаны. Дәл осы жерде Қазақстанда мұнай өндіру өнеркәсібі бастау алды. 1912 жылы Бірінші Доссор-Ракуши-Каспий мұнай құбырының ұзындығы 60 км, оның 16 км - Каспий теңізінің түбінде салынды. 1915 жылы Алғашқы мұнайды елдегі екінші Мақат кен орны берді. 1932 жылы Ембі мұнайшылары алғаш рет КСРО-да ғана емес, сондай-ақ Еуропада да өте терең бұрғылауды (2500-2800 м) игерді. 1945 жылы № 441 зауыт (қазіргі Атырау МӨЗ) алғашқы өнім – автомобиль бензинін өндірді. 1961 жылы Жетібай кен орнындағы алғашқы мұнай фонтаны Маңғышлақта мұнай-газ провинциясының ашылуын белгіледі. 1969 жылы Өзен-Атырау мұнай құбыры жылыту пештерімен тапсырылды, бұл мұнайды төмен температурамен тасымалдауға мүмкіндік берді. 1978 жылы Павлодар мұнай-химия зауытында қуаты жылына 6 млн тонна мұнайды бастапқы өңдеу кешені іске қосылды, алғашқы бензин алынды. 1979 жылы Әлемдегі ең терең Теңіз кен орны ашылды (жоғарғы мұнай коллекторы - 4000 метр тереңдікте).

1979 жылы 280 шаршы шақырымнан астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі 20 кен орнының бірі – Қарашығанақ кен орны ашылды. 1983 жылы Қазақстанның оңтүстігінде Шымкент


зауыты салынды.

1993 жылы Қазақстан мен Chevron арасында «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы 40 жылдық келісім жасалды. 1997 жылы «ҚазТрансОйл» ұлттық компаниясы құрылды. Мұнай құбырларының жалпы ұзындығы – 5 мың км-ден астам, сондай-ақ әлемдегі ең ұзын Астрахань-Маңғышлақ (2000 км-ден астам) су құбыры бойынша тұщы су беруді қамтамасыз етеді. 2000 жылы Каспий қайраңында «Шығыс-1» ұңғымасы бұрғыланып, алып Қашаған кен орны



ашылды. 2006 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның Лондон қор биржасы мен Қазақстан қор биржасында IPO-ға шықты. ҚМГ БӨ шамамен \$2 млрд (сол кездегі қазақстандық компаниялар арасындағы ең ірі IPO) тартты. 2012 жылы ҚМГ Қарашығанақ жобасында 10% үлеске ие болды. «Халықтық IPO» шеңберінде Қазақстан қор биржасында «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары ұсынылды.

2018 жылы Үш ірі мұнай өңдеу зауытын ауқымды жаңғырту аяқталды. 2019 жылы Орталық Қазақстан мен Астананы Қазақстан Республикасының бірыңғай газ тасымалдау желісімен байланыстыратын «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы аяқталды. 2021 жылы Satti алғашқы қазақстандық өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы теңізге



шықты. ҚМГ «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берді.

Қазақстандық мұнайының тарихы 125 жыл. XX ғасырдың басында Гурьев (қазіргі Атырау) облысындағы ашылған кен орындарынан кейін, бүкіл әлем мұнайлы Қазақстан туралы айта бастады.

Соғыс жылдары дамуға тағы бір серпін берілді. Мұнай сапасының жоғары болғаны соншалықты, оны өңдемей-ақ, майданға жіберіп, танктерде пайдаланды. 40-шы жылдардың аяғына қарай өндіріс көлемі жылына 1 миллион тоннаға жетті. 50-ші жылдардың соңында Маңғыстау облысында, ал 70-ші жылдары Қызылорда өңірінде белсенді іздеу-бұрғылау және геологиялық-түсіру жүргізілді. Қазақстан мұнайы тарихының келесі кезеңі – Теңіз (1 млрд тоннадан астам мұнай және газ конденсаты қорлары), Қарашығанақ (ресурстарды бағалау – 1,35 трлн текше метр газ және 1,2 млрд тонна мұнай және газ конденсаты), Қашаған (шамамен 4,8 млрд тонна шартты отын қорлары) алып кен орындарының ашылуымен тұспа-тұс келеді. Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары – отандық өнеркәсіптің технологиялық авангарды.

Бірінші мұнай өңдеу зауытының құрылысы Ұлы Отан соғысы кезінде басталды. Зауыт екі жыл ішінде АҚШ-тан *lend lease* шарттарында жеткізілген жиынтықты жабдық базасында салынды. Бастапқы қуаты жылына 800 мың тонна болды. Зауыт Ембі кен орнынан авиациялық және автомобиль бензиндерін, мотор және қазандық отынын шығаруға маманданған.

Екіншісі Павлодар мұнай-химия зауыты болды, оның құрылысы 1971 жылы басталды, 1971-1978 жылдар аралығында отын нұсқасы бойынша салынған зауыт технологиялық тұрғыдан Батыс Сібірдің азкүкіртті мұнайын өңдеуге арналған болатын.

Қазақстанның үш ірі мұнай өңдеу зауытының ең жаңасы – 1985 жылы салынған Шымкент мұнай өңдеу зауыты. Жобалық қуаттылығы жылына 6 млн тоннаға жетеді. Зауытты



ҚМГ CNPC-мен бірлесіп басқарады. Мұнай өндірісінің дамуы мұнай құбыры саласының пайда болуына түрткі болды. Каспий қайраңының қарқынды игерілуімен республиканың флотын құру мәселесі де туындады. Қызметін жаңадан бастап, алғаш кезде Ақтау-Махачкала мен Ақтау-Баку бағыттарында жалға алынған флотпен жұмыс істеген «Қазақтеңізкөлікфлоты» теңіз кеме қатынасы компаниясы бүгінде әртүрлі үлгідегі 23 кемеге ие.

Елдің бас мұнай компаниясы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы мемлекеттің 100 пайыз үлесімен Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығының негізінде «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру жолымен құрылды. Мұнай-газ саласында ұлттық операторды құру мұнай-газ кешенін тиімді әрі анық дамытуды қамтамасыз ету деңгейін арттыруға және ел экономикасының мұнай-газ секторында Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға байланысты болды. Осы кезеңнен бастап ұлттық компанияның және жалпы мұнай-газ саласының тарихындағы маңызды кезеңдер басталады.

kmg.kz/company/history/



Қазақ тазысы - ұлттық құндылығымыз

Қазақстанның тәуелсіздікке ие болып, жылдан жылға ілгері басып дамуымен бірге ұлттық құндылықтарды ұлықтау деңгейі де барған сайын арта түсуде. Ұмыт болған көптеген заттық және рухани құндылықтарымызды қайта қалпына келтіру, жетілдіріп дамыту жұмыстары мемлекеттік деңгейде қолға алынып жатқаны белгілі. Бұл – ел болудың алғы шарты. Жаһандану атты мына дәуірде әрбір ұлт, мемлекет өзінің бірегей бет-бейнесін қалыптастырып қала алғанда ғана дербестігі сақталып қалатындығын футуролог ғалымдар айтуда.



Осы ретте жаһандану дегеніміздің өзі – Жер шарындағы адамзат баласының бір-бірімен өзара тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-саяси, байланыстағы біртұтас қауымдастық қалыптастыруы болып табылады. Демек жер көлемі жағынан аса ірі, халқының саны жағынан шағын әрі полиэтникалық сипаттағы Қазақстанның мемлекет құраушы ұлты қазақ халқының рухани мәдениеті қандай деңгейде дамып көрініс тауып отыр, өзге халықтар мен мемлекеттер алдында біз қандай құндылықтарымызға басым бағыт бере отырып ассимиляцияға ұшыраудан, жойылудан сақтанамыз деген мәселе жөнінде нақты бағдарламалар керек екендігі сөзсіз. Және осы тұрғыда атқарылып жатқан іс- шаралар, қабылданып жатқан заңдар мен қаулылар да баршылық

екенінен хабардармыз.

Алғаш жылқыны қолға үйретіп, үзеңгі мен шалбарды қолданысқа енгізген, Ұлы Далада сан ғасырлардан бері ғұмыр сүріп келе жатқан ежелгі тайпалар мен көшпелі мемлекеттердің мұрагері қазақ халқы тек өзіне ғана тән мәдени құндылықтарға кенде емес. Ұлы Дала тұрғындары төрт түлік малды, үй хайуандарын қолға үйретіп, оларды ғасырлар жүзінде сұрыптап, баптап азыққа, көлікке, мініске, киім-кешек, баспана, қару-жарақ т.б. әзірлеуге пайдалана білген. Адамзат баласы терімшіліктен қауымдық құрылысқа өте салысымен қолға үйреніп қызмет ете бастаған үй хайуаны – ит. Ит – адамның досы. Үй күзетуге, аңшылыққа, көлікке, бақташылыққа, қылмыс-қайшылықпен күреске, сәнге т.б. кеңінен пайдаланылып келе жатқан иттер әлемнің адамзат тіршілік ететін барлық түкпіріне таралумен қатар, климаттық, биологиялық, т.б. факторларға байланысты олардың тұқым түрлері де тым сан алуан. Яғни тайыншадай алып маң төбеттен бастап, қос жұдырық көлемінде кішкентай иттерге дейін баршылық.

Қазақ халқы итті ежелден жеті қазынаның біріне қосып, оны ретіне қарай сенімді көмекші ретінде пайдаланып келген. Көшпелі тірлікте иттің орны мен қажеттілік маңызы өте зор. Қазақ даласының байырғы тұрғындары ерте замандардан бері құмай тазы мен маң төбеттің тұқымын сұрыптап, маңыздандырып, оларды ұрпақтан ұрпаққа аманттап жеткізіп отырған. Ит – қысқы ақ түтек дауылдарда, жаздың аптап ыстықтарында, нөсер жауын мен аңыраған қара суықтарда түлік соңында жүретін қазақ малшысының сенімді көмекшісі болумен келген. Түрік халықтарының тарихын, этнографиясын зерттеп іргелі еңбектер қалдырған Мұрат Әжі өзінің «Қыпшақ даласының жусан иісі» еңбегінде орыс қатарлы шығыс славяндардың тіліндегі собака яғни ит атауын көне түркі тіліне қатысты талдайды. Ғалымның болжап жазуынша ертедегі түркілер итті «ізбака» деп атаған. Оның мәнісі – «адамның ізін бағып еріп отыратын» деген ұғым екен. Міне, осыдан «сбака», «собака» деген сөздер туындап өзгеріп қалыптасқан дегенді алға тартады. Ит тұқымының қазақ үшін айрықша маңызды да қадірлісі – тазы. Тазы мен төбет – қазақ итінің өзіндік ерекшелігі бар тұқымы саналады.

Қазақы иттерді қорғап, олардың тұқымын сақтап, молайтуға қатысты іс шаралар бұдан былай арнайы заңмен реттеледі.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 3 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойған болатын.

Еліміз аумағында қазақы иттер санатына енетін тазы мен төбет тұқымдарын сақтау және олардың санын көбейту – бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Осы тұрғыда атқарылатын жұмыстардың бағыты да сан алуан екен. Атап айтқанда, қазақы иттің генетикалық сапасын



қазіргі әдістемелік озық зерттеу сынама үлгілерін қолдана отырып ғылыми бағалау, тиісті кешенді селекциялық сараптамалар жүргізу, аталған нәтижелерді жинақтау арқылы қажетті ғылыми база құрудың негізі заңдық тұрғыда пайдаға берілді.

Тазы мен төбетті қорғау мәселесі дәл осы кезеңде алға тартылып отыр деген мәселеге келетін болса, қазіргі күні бұлардың саны азайып, тұқымы аза бастаған деп қарастырылады. Саятшылықты жанына серік еткен қазақ малшылары мен өзге де сергек сана, ширақ денелі жігіттер құмай тазысын, маң төбеттерін ертіп аңға шығатын дәстүр үзіліп қала жаздап қайта сергігені аян.

Бұл жерде айта кетерлігі – тазы саятшылық, аңшылыққа арналған тұқым болса, төбет – малды қасқырдан, ұрылардан күзетуге арналып сұрыпталып өсіріліп келгені белгілі. Тазы мен төбет – қазақ даласының әр түкпірінде толып жатыр емес пе? Олар үшін арнайы заң шығарудың қажеті не деген сұрақ та кесе-көлденең туындауы мүмкін. Оған себеп: жоғарыда атап өткендей ұлттық құндылықтарды ұлықтау, осы тұрғыда қазақы иттердің тұқым тазалығына мән беріп, ұқсас тұқымдар арасында өзіндік ерекшелігін айқындап таныту, халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп куәліктендіру т.б. мәселелерді қамтиды. Текті таза ұстау, өзгемен орынсыз былғатпау – тек адамзат баласына ған қатысты емес. Бұл – өзге үй жануарлары мен хайуандарына, әсіресе жылқы мен ит тұқымдарына өте-мөте қатысты болатындығы анықталып отыр. Себебі, кеңестік кезеңде сыртқы қарым-қатынас шектеулі болғанымен, Одақ тарағаннан кейінгі жылдары еркін нарықтық экономиканың толқынында біздің адамдар Жер шарын емін-еркін аралап жан жақтан иттің түрлі-түрлі тұқымдарын әкелетін болды. Өз кезегінде бұл әкелулер арқылы жергілікті қазақы төбет пен тазының тұқымы өзгеріске ұшырайтын жағдай туындай бастады. Дамыған шетелдерде иттердің арнайы паспорты, шығу тегі қатаң тізімге тіркеліп, оларды шығару немесе сырттан ит тұқымын енгізуде карантиндік бекет ұйымдастырылып, тасымал әрекеттері әрдайым бақылауда ұсталынады. Тіпті кейбір ит тұқымдарын өз елінен сыртқа шығаруға тыйым салынған мемлекеттер де бар. Бұл да өз елінің құндылықтарына деген қамқорлық, қырағылық және

өркениетті қоғам дамуының бір көрінісі.

Қазақ тазысы сақ пен ғұнның заманында қалыптасқан деуге негізді біз Ұлы Дала төсіндегі тасқа қашалған жануарлар мен хайуандардың арасынан тазыға тұрқы ұқсас иттердің бейнеленуінен аңғарамыз. Суреттердің жасын ғалымдар 2000-2500 жыл бұрынғы деп болжамдайды. Қазақ тазысына ұқсас тақыр жүнді тазылар тіпті сонау мысыр перғауындары заманында да болғаны туралы мәліметтер сол дәуірден жеткен папирус жазбаларда, фрескаларда сақталған. Біздің заманымыздан 500 жыл бұрын сонау Жерорта жағасынан Ұлы Далаға саяхат жасап келген грек тарихшысы Геродоттың сипаттап жазуынша скифтер аң аулаумен шұғылданады. Скиф даласындағы салт-дәстүрлерді жаза келе, Геродот олардың аң аулау әдісін былай сипаттайды: «Биік ағаштың басына шығып алған аңшы қандай бір аңды көрген кезде оған найза лақтырады, ал содан кейін атына міне салып, жараланған аңның соңынан итін ертіп қуады. Бұл иттер алыпсоқ дәу емес, жүйрік тазылар екені анық».

Өткен жылдың соңында ҚР Парламент мәжілісінде өткен талқылау жөнінде БАҚ-та хабарлағанындай, қазақы ит тұқымдарын сақтауға 1,4 млрд теңге жұмсалатын көрінеді. Бұл – үлкен бетбұрыс. ҚР Президентінің тапсырмасымен әзірленіп бекітілген бұл заң бойынша «ұлттық қазақы ит тұқымдары – бекітілген стандартқа сәйкес келетін қазақы тазы мен қазақы төбет» деген ұғымдар нақтылануы көңілді тоғайтады.

Аталған заң негізінде қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайтуды қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында ҚР «Иттердің ұлттық тұқымдарының ұлттық орталығы құрылатыны хабарланған болатын. Бұл Ұлттық орталықтың құзыретіне мыналар кіреді деп жоспарланып отыр екен:

— ұлттық тұқымға жататын тазы мен төбет иттердің асыл тұқымымен жұмыс істеу бойынша сарапшылар мен мамандарды кинологиялық қызметке оқыту жөніндегі жүйелі жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

— асыл тұқымды иттерді іріктеу және таңдау, олардың жұмыс істеу қасиеттерін сақтай отырып, иттердің ұлттық тұқымдарын өсіру;

— кинологиялық қызметтің әртүрлі мәселелері бойынша уәкілетті органға – стандарттар, сынақтар, жарыстар, көрмелер, байқаулар, кешенді бағалау қағидалары, иттердің ұлттық тұқымдарының бірыңғай тұқым-тегі кітаптарын жүргізу, асыл тұқымды ит куәліктерін беру туралы ұсыныстар енгізу;

— түрлі дәрежедегі, оның ішінде халықаралық дәрежедегі сынақтарды, көрмелерді, байқауларды, жарыстарды ұйымдастыру және өткізу.

**Автор: Керім НАУРЫЗБАЙ,
«Қазақстан тарихы» порталы
*мақала журналдың 2 бетіне лайықталып,
қысқартылып жарияланды.**

**Фото: egemen.kz сайтынан алынды
wild frontier.ru**

Өткеннің жарасы жазылады – ау, алайда ізі қалады

Әңгіме

(Басы журналдың №07 (59) шілде, 2024 жылғы нөмірінде жарияланды).

— Біз бұл кісіні ұрлап бара жатқан жоқпыз, қайта адами көмегімізді көрсетпекпіз. Біз қалаға жеткенше таң атады, жақсылап тамақтандырған соң әрі қарай не істеу керектігін ойланамыз, - деп өзі бәйек болып, ақсақалға қолын жуғызып, тамағын ішкізіп, суын беріп, тіпті өзінің ресми жиналыстардан соң киетін спорт киімдерін кигізіп, оның ескі киімдерін қапқа салғызып, қоқысқа тастауын бұйырды.

— Киімдерінің қалтасында құжаттары, керек заттары кетіп қалмасын, – деген соң, көмекшілері мұрындарын қолмен жапқандай болып, басшысының айтқандарын істеді.

— Құжаты да, көк тиыны да жоқ екен.

Өзінің өткен өмірі, ұлының мына қамқорлығы жүрегін босатып жібергені сонша, ақсақал дауыстап жылап қоя берді.

— Мына аферист шал, таза әртіс екен. Өзін осы жерде тастап кетпесін деп мүсәпір бола қалды.

— Қой, олай демейік. Алдымызда не күтіп тұрғанын білмейміз. Біздің шеф өте мейірбан ғой, осындай талай адамдарға қамқорлық жасап жатыр. Күз қыр астында, далад үсіп, не аштан өлетін еді, ішінде тілегі орындалып, біздің бәсекеңе жолыққанын қарашы. Қарттай үйінде жағдай бар ғой.

— Айтпа деймін. Осы кісі ақсақал, қарт аналардың қол жайып отырғандарын көрсе, жаны ашып кетеді. Солармен сөйлесіп, қолдарына ақша береді


— Негізі қайырымдылық – асыл қасиеттер қорғаны дейді ғой. Мен осыны түсінбеймін. Бұл кісілердің

балалары жоқ па? Неге қарамайды? Әлде әдейі осылай тер сасыған жаман киімді кигізіп, алақан жайғызып ақша тапсын деп әр жерге отырғызып қоя ма? Миым жетпейді. Әйтеуір, оңай ақша, жақындарының жаны қиналып, маңдай терлетіп еңбек етпейді.

— Қой, өз күнәлары өзіне. Мына ағайдың балалары, ешкімі жоқ болса, қарттар үйінде болар еді. Бұл кісілерді де тексереді ғой. Учаскелік полиция, жергілікті әкімшіліктің бұндай адамдарды көрмеуі мүмкін емес.

Көмекшілері бір – біріне сұрақ қойып, жауабын таппай жатқанда ақсақал әлденіп алды. Көзінде үрейді байқаған ол қарияны жұбатып, уақытша қарттар үйінде тұра тұратынын айтқанда, қария үнсіз қалды.

Осы әкесі басқа әйелмен кетіп қалғанда шиеттей еді. Үйдің үлкені болғандықтан анасын, бауырларын қорғаштап талай сөз естіді, адамдар қорқытты, күш те көрсетті. Мазақтауын да, намысына тиюді де қоймады. Соған қарамастан, мектепте сабақты жақсы оқыды. Кейбір мұғалімдер де мектепшілік шараларға қоспайтын. «Киімің дұрыс емес, аяқ киімің...» осындай сылтаулар айтатын. Іштей жаны күйзелсе де білдіртпеуге тырысатын. Тек жүрегіндегі от-жалыны лаулап, тез есейіп, жоғары оқу орнына түсіп, тізгінді өз қолына алғысы келді. Жалғызбасты әйел, күйеуі тастап кеткен әйелдің баласының өскенін, ел қатарына қосылғанын, бауырларын ешкімнен кем қылмай, бәрінің де жоғары білім алып, кешегі жүгірмектердің ел қамын жейтін азамат болғанын армандайтын. Арманы орындалды. Оған жету оңай болмады. Күндіз сабақтан соң үйдің бүкіл шаруасын өзі атқарды. Анасы күні бойы жұмыста. Тамақ та пісіретін. Мұны білген көрші балалар «Қыздар сияқты тамақ пісіріп, ыдыс-



аяқ жуады», – сынып ішінде дабыра қылатын.

Бауырларына анасының орнына ана, әкесіндей қамқор болуға тырысты. Ешкімнің сөзін елемеді. Нағашыларына да ештеңе айтпайтын. Олар да барымен бөлісіп, қап-қап ұнын, мал сойып етін әкеліп тастайтын. Арасында өздерін киіндіретін. Кешкілік мал жайып жүрсе, жол бойындағы шөпті қызғанатын көршілер болатын. Әсіресе, бір дөкей үйінің айналасын тас қамал етіп қоршап алған. Дуалдың айналасындағы жасыл шөпке мал жайылса, үйден жүгіріп шығып, тілдейтін. Амандасып, қолын берсе, «Иди, иди», – деп қазақ баласы бүлдіршінді қуатын. Одан қалса, әйелі шығып, «Көзінді жоғалт, қойың дуалдың айналасын былғады», – деп бірталай сөз айтатын.

— Я, Алла! Сол адамдар қайда екен? Мал тапқанға мастанып, адам танымайтын. Келесі де ауданға барғанда арнайы іздеп тауып сәлем-сауқат сұрамаққа ниеттенді.

Өзін шындаған осындай жайттар. Тіпті мектеп бітіргенде мұғалімдердің өзі «Сенің блатың жоқ. Шешең жалғыз жұмыс істеп сені оқыта алмайды. Заңгердің оқуына байлардың, барлардың балалары ғана түседі. Сен ауылда қара жұмыс істеп, сырттай оқы», – дегендері де санасында әлі күнге сайрап тұр. Ұстаздарының айтқанын қолына аттестат алғанда түсінбеді. «Жарлының қолдаушысы Жаратқан» болып, мектеп бітіре сала өте жоғары балл алып, еліміздегі іргелі жоғары оқу орнының студенті атанды. Кейіннен ауылға келгенде, мұның жетістігін естіген әлгі ұстаздары алдынан шыққанда:

— Міне! Жарайсың! Мен білгем сенің ҚазҰУ түсетінін дегенде мырс еткен. Мұның барлығы өмір екенін есейе келе түсінді.

Ойлар тізбектеле қарттар үйіне келіп, қарияны тапсырды. Толық мәліметі дәлелденсе, өз үйіне апарды. Сол үшін заңды ресми құжаттармен айналысып, біткенше әкесін осында қалдырды. Қария да басын изеп, ризашылығын білдірді. Әкесінің ұлы туралы не ойлағаны, ұлының отбасына алатынын әкесі түсінбеді...

— Мен сенің әкеңмін ғой, – деуге талай оқталды. Әйтседе, азаматтың намысы жібермеді. Не дейді? Екінші отбасын құрды. Бірақ, балалы болмады. Әйелінің ұл-қызын бауырына басты. Жұмыс істеп, күнде уыстап ақшаны үстелдің үстіне лақтырғанда,

олар да «әкелеп» берген ақшасын емін-еркін жұмсады. Әйелі де жер-көкке сыйғызбай мақтады. Бір жақсысы қолынан келмейтіні жоқ, бесаспап еді. Соның арқасында ұстатпайтын маман болды. Дәнекерлеу, құрылыс, көлік жөндеу, ошақ салу, электр жұмыстарын оқымаса да, өздігінен үйреніп алған. Кейіннен техникум бітіріп, дипломымен бірқатар мекемеде жұмыс істеді. Көлік сатып алды, үй салды. Бірақ, артымда шырылдап қалған бес баланың қамын ойламады. Әкесінің туыстары анасын кіналады.

— Сен бауырымызға дұрыс қарамадың. Жақсы әйелден еркек ешқашан кетпейді, – деп үйді де бөліске салмақ болды. Абырой болғанда, үй балаларының анасына мұраға қалдырылғандықтан бөле алмады.

— Әкемнің бауырлары не деген пасық адамдар. Әй, соларды да бір аралап көрейінші, – деді.

Айналасында жақсы адамдардың көп болғанына келе – келе көзі жетіп отыр. Мектеп директоры. Кейбір мұғалімдер мұның бағасын кемітіп қойды. Кейбірі мұның ынтасын басып тастайтын. Директор үнемі мектепішілік жиындарда барлық оқушылардың алдына шығарып, мақтайтын. Сол кезде сондай үрдіс бар еді. Сабаққа қатыспайтын, сабақтан қашатын, бұзақылық жасайтын ер балаларды қаздай тізіп қойып, ұрсатын. Сондай кездерде директор ылғи өзін ортаға шығарып, «Әй, мына балалар, басқалары саған тиіссе, маған айт» - дейтін. Осы сөзді естігенде, бір марқайып қалатын. Іні-қарындастары да сабақты жақсы оқып, мектеп бітіріп жоғары оқу орнына түсті. Арасында екі-үш жыл жұмыс істеп, өндірістік жолдамамен қалаған оқу орнына түсті. Бүгінде, ешқайсысы аналар айтқандай, қоңыз теріп кеткен жоқ.

**Ж.Кучукова, Бас редактор
(Жалғасы бар).**

Сурет: Әсет Әссандидің фб парақшасынан



МУЗЕЙ - МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЙНАРЫ

Бүгінгі таңда Қазақстанда 154 музей бар. Солардың ішінде 14 музей Алматы облысы аумағында орналасқан. Есік қаласындағы «Алтын адам» музейі тікелей министрлікке қарайды екінші музей «Танбалы» музей-қорығы. Ал, екі музей (Жамбыл Жабаев атындағы әдеби-мемориалды музейі және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы) облыстық Мәдениет басқармасына бағынышты. Қалған 11 музейдің жұмысын Алматы облыстық музейлер бірлестігі жүргізіп отыр. Біз бүгін Алматы облыстық музейлер бірлестігіне қарасты сол 11 мәдени ошақтың қал-жайы туралы әңгімелемекпіз.

Осыдан екі жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Алматы облысы екіге бөлініп, облыс орталығы Қонаев қаласына көшірілді. Жетісу облысы өз алдына бөлініп шыққан соң, 2022 жылдың 1 қарашасынан бастап облыс аумағында қалған 11 музей «Алматы облыстық музейлер бірлестігіне» біріктірілді.

Олар:

1. С.Аронұлының әдеби-мемориалды музейі;
2. Ү.Кәрібаевтың әдеби-мемориалды музейі;
3. Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейі
4. Анаға Құрмет музейі;
5. «Батыр бабалар мемориалды» музейі;
6. Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі;
7. Есік археологиялық-өлкетану музейі;
8. Шелек тарихи-өлкетану музейі;
9. Кеген аудандық тарихи - өлкетану музейі;
10. М.Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейі;
11. Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейілері;

Алматы облысының музейлері ең алдымен ата-бабамыздан қалған құнды жәдігерлерді жинақтау, сақтау, дәріптеу жұмыстарын кешенді түрде атқарып келеді. Ескіден жеткен бұйымдар туралы ғылыми зерттеулер жүргізіп, әр жәдігердің тарихи мәнін, маңызын өскелең ұрпақтың санасына сіңіруді басты міндеті санайды. Бүгінгі күні Музейдің іс-шаралары туралы баяндай келе, ең ауқымды облыстық шара ол бізде халықаралық «Музейлер түні» «Museum fest» атты концерттік фестиваль. Көрме құрылып музейлердің құнды жәдігерлері көрсетілді. Өскелең ұрпақтың халқымыздың тарихын мәдениетін, салт дәстүрін санасына сіңіру, мақсатында осы концерттік фестивальді эстрада жұлдыздарының қатысуымен кең көлемде атап өтті.

Ақын, жазушылармен кездесу кештерін өткізу мақсатында осы 2023 жылы «Поэзия патшалығында» атты циклді шара Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби мемориалды музейінде бастамасын алды. Бұл іс-шараның басты мақсаты ақиық ақын, Мұқағали Мақатаевтың артынан өніп өскен шыққан көрнекті

қаламгерлердің, есімін оқырман қауымға кеңінен таныстыру, шығармаларына насихат жасау. Сонымен қатар, кейінгі жас буынның алдыңғы буын ақын-жазушылардың өнегелі өмірі мен шығармашылықтағы ізденістерінен үлгі алып, болашағына бағдар жасауына мүмкіндік туғызбақ.

Келесі кезекте баяндайтын іс шаралардың бірі осы 2024 жылы 29 сәуір Қазақстанның Түркиядағы Елшілігі, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы және Алматы облысының әкімдігінің ұйымдастыруымен көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай, Анкара қаласына көрме қойылды. Көрмеде көрнекті жазушының архивті фотолары, арнайы Қазақстаннан жеткізілген киімдері, көзілдірігі, белбеуі, және басқа да қолданған жеке заттары таныстырылды.

Ендігі қозғайтын мәселелеріміздің бірі музейлердің хал – жағдайы. Келесі айтатын мәселе, ол музей саласында еңбек ететін жас мамандардың жетіспеушілігі. Жестіспеу себебі, Алматы облысындағы музейлердің көбі Алматы қаласына жақын орналасқандықтан, жастардың басым көпшілігі, қаладан жалақысы жоғары жұмыс тауып алады да, музейге келгісі жоқ. Және де пәтер жалдап тұрғанға жалақының аздығы да жас мамандардың тұрақты қалуына мүмкіндік бермейді.

Бүгінгі күнде орталықтандырылған облыстық музей ғимараты салынбаған. Ендігі осы 2024 жылдың аралығында музей ғимараты салынады деген үміттеміз...

Автор сөзі: Бұл мақаланың авторы ретінде мұражай жұмысы туралы өз ой-пікірімді айтатын болсам, Музей тек бір ғана мәдени ғимарат емес, музей - ата - бабалардан қалған бағалы жәдігерлерді, көзінің қарашығындай сақтап, ел тарихын насихаттап, дәріптейтін музей қызметкерлерінің еңбегі еленбей қалмауы тиіс деп ойлаймын...

Мұрат МҰСА,
«Алматы облысы музейлер бірлестігі» МКҚК
жаңа заман тарихының аға қызметкері





Касым-Жомарт Токаев принял министра просвещения Гани Бейсембаева

Глава государства заслушал доклад о мерах по развитию дошкольного, среднего, технического и профессионального образования в стране.

Как сообщили Президенту, по итогам прошлого года открыто 154 новые школы на 137 тысяч ученических мест, которые решили вопрос 29 трехсменных и 12 аварийных школ. В новом учебном году планируется ввести в эксплуатацию 221 образовательное учреждение на 365 тысяч ученических мест. Показатель оснащенности школ предметными кабинетами увеличен в 2 раза, улучшилось качество интернета.

По словам Гани Бейсембаева, приоритетным направлением остается воспитательная работа. Внедрена программа «Біртұтас тәрбие», основанная на общенациональных ценностях «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс».

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о повышении качества среднего образования.

Все школьные учебники переведены в цифровой формат. Каждый второй ученик, участвовавший в международных олимпиадах от Казахстана, становится призером. По итогам прошлого года представители нашей страны завоевали 58 золотых медалей.

Главе государства были представлены проекты по трансформации системы технического и профессионального образования, развитию инклюзивного и специального образования.

В завершение Касым-Жомарт Токаев поставил перед министром ряд задач по дальнейшему совершенствованию системы образования и обеспечению безопасности детей.


Akorda.kz

Топ-10 главных технологий будущего

Мир вокруг нас стремительно меняется. Тем важнее понимать, куда движется технический прогресс. Мы собрали 10 перспективных направлений, которые, по мнению экспертов, будут развиваться активнее всего и задавать тон другим отраслям.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ (ИИ)

Технологии и продукты, использующие возможности искусственного интеллекта, развиваются стремительно. Всего за 4 года (с 2016 по 2020) количество научных работ на тему ИИ удвоилось. В 2021 году емкость мирового рынка искусственного



интеллекта составила \$327,5 млрд (данные аналитической компании IDC). К 2024 году она увеличится до \$554,3 млрд. Самые перспективные направления ИИ:

- *автономный транспорт (автомобили, авиация),
- *разнообразные биометрические системы.

ИНТЕРНЕТ ВЕЩЕЙ (IOT)

Рынок IoT или интернета вещей тоже быстро развивается и растет, особенно в Азии. Для лидеров отрасли в приоритете сейчас развитие и совершенствование коммуникационных технологий для IoT. В фокусе российских разработчиков — создание программных и аппаратных решений для различных устройств. Вместе с технологиями 5G и искусственного интеллекта интернет вещей поможет в будущем повысить производительность, качество продукции и услуг, уменьшить аварийность и улучшить условия труда.



МОБИЛЬНАЯ СВЯЗЬ 5G

Технологии 5-го поколения мобильной связи (5G) распространяются куда быстрее, чем более ранние стандарты. В Китае, Южной Корее и США доля сетей 5G доходит до 20%. По мере распространения дистанционного формата работы и учебы потребность в сервисах и платформах на основе 5G растет. Эксперты прогнозируют, что к 2026 году объем рынка 5G может вырасти в 100 раз (по сравнению с 2020 годом).

КВАНТОВЫЕ ВЫЧИСЛЕНИЯ

Рынок квантовых вычислений пока формируется. В основном эта сфера финансируется из бюджетов передовых технологических держав. Особенно активно в отрасль вкладываются США, Германия и Китай. Планируется, что через 3-5 лет квантовые системы начнут использоваться в решении прикладных оптимизационных задач:

- *построение транспортных маршрутов,
- *составление инвестиционных портфелей,
- *оптимизация взаиморасчетов.

КВАНТОВЫЕ КОММУНИКАЦИИ (КК)

Квантовые коммуникации обеспечивают передачу в другую точку пространства квантовых состояний.



Ключевое направление КК — создание защищенных каналов связи на базе КРК (квантового распределения ключей). Эта технология блокирует любые попытки взлома и гарантирует сохранность информации. Системы, предоставляющие защищенные каналы связи и сервисы КРК, появятся уже к 2024 году.

ТЕХНОЛОГИИ РАСПРЕДЕЛЕННОГО РЕЕСТРА (ТРР)

Через ТРР осуществляется децентрализованное хранение сведений о транзакциях и контрактах. Такие данные невозможно удалить. Пример ТРР — технология блокчейн. Технологии распределенного реестра уже используются в медицине, логистике и недвижимости, финансовой сфере, документообороте, системах идентификации личности.

РАЗРАБОТКА ИННОВАЦИОННЫХ ВЕЩЕСТВ И МАТЕРИАЛОВ

Научно-технический прогресс нуждается в принципиально новых материалах и веществах: сверхпрочных и сверхлегких, с программируемыми свойствами. Сейчас самым емким в этой сфере является рынок композиционных полимеров (\$80 млрд в год). На 2-м месте (\$40 млрд в год) рынок цифрового материаловедения. Но самое перспективное направление — аддитивные материалы. С их помощью можно синтезировать и послойно наращивать самые разные объекты.



КОСМИЧЕСКИЕ СИСТЕМЫ

Сюда относится множество направлений: от создания новых приборов до обработки данных со спутников. Важнейший тренд отрасли — облегчение и уменьшение космических аппаратов. В основном они используются для обеспечения максимального количества пользователей широкополосным интернетом.

РАСПРЕДЕЛЕННЫЕ ЭНЕРГОСИСТЕМЫ

С развитием «зеленой энергетики» ужесточаются требования к надежности электросетей. Растет потребность в полной автоматизации цепочек передачи электричества от источника к конечным потребителям, что повышает спрос на:

- *решения с использованием ВИЭ (возобновляемые источники энергии),
- *распределенную генерацию энергии,
- *интеллектуальные системы управления потоками электричества,
- *«умные» системы автоматической защиты электросетей от поломок.





СИСТЕМЫ НАКОПЛЕНИЯ ЭЛЕКТРИЧЕСТВА

Создание резервных источников энергии и систем ее накопления — насущная потребность для стабильного снабжения электричеством конечных потребителей. Самое популярное решение на сегодня — литий-ионные аккумуляторы. Но в будущем могут быть созданы более дешевые и быстрые приборы на натрий-ионных аккумуляторах или устройствах с твердым электролитом.

Закключение

Таким получился наш список самых перспективных и важных технологий ближайшего будущего. Да, жизнь может преподнести свои сюрпризы, но мы советуем присмотреться именно к этим сферам, если вы хотите работать на передовой научно-технического прогресса.

Источник: itlogia.ru



Копию найденной во Франции рукописи об истории Золотой Орды опубликовали в Казахстане

Национальный центр рукописей и редких книг опубликовал копию ценной рукописи, связанной с историей Казахстана, которая была найдена во Франции в рамках программы «Архив-2025». Об этом передает агентство Kazinform.


Как сообщили в пресс-службе Министерства культуры и информации РК, «Избранные хроники» – историческое произведение Муин ад Дина Натанзи, хранящееся в Национальной библиотеке Парижа, было написано в Ширазе в 816 году хиджры/1413 году. То есть это произведение типично для XV века.

Книга, написанная на персидском языке арабской графикой, посвящена 15 темам, в ней 15 глав. Состоит из 413 страниц.

– В частности, в книге дается подробное описание Белой Орды и содержится полная хронология правления ханов. Также представлена ценная таблица с именами правителей Белой Орды, их отцов и матерей, а также местами захоронения. В труде описан период распада Золотой Орды на Синюю и Белую Орды. Также сообщается, что в Сыганаке похоронены 10 правителей Белой Орды, – отметили в Министерстве культуры и информации.

Муин ад-Дин Натанзи родился во второй половине XIV века в деревне Натанз, расположенной неподалеку от Исфахана (Иран). Согласно сочинению Давлатшаха Самарканди «Газкират аш-шуаро» («Жизнеописание поэтов»), в начале XV века Муин ад-Дин Натанзи жил в Ширазе при дворе господина Искандера (внука Амира Темира), а также был современником таких поэтов, как Хайдар Хорезми, Хафиз Хорезми и другие.

Гульмира Байзакова, Казинформ
Фото: Министерство культуры и информации РК



«Слоубализация, регионализм, НОВЫЕ ВЫЗОВЫ»:

в Жетысуском университете прошла международная конференция



В Жетысуском университете имени И. Жансугурова состоялась международная научно-практическая конференция на тему «Слоубализация, регионализм, новые вызовы». Международную конференцию открыл Председатель правления – Ректор Жетысуского университета, д. ю. н., профессор Ермек Бурибаев, который подчеркнул важность данного мероприятия и пожелал успехов участникам конференции.

«Цель данного научного собрания заключается в освоении новых технологий для эффективного использования ресурсного потенциала нашей страны, а также достижение инклюзивного роста и развития. Я уверен, что сегодняшняя конференция станет площадкой для обмена новыми идеями и открытых дискуссий», – отметил ректор. В пленарном заседании приняли участие заместитель акима области Жетісу Марлен Кольбаев, член-корреспондент Российской академии наук (РАН), д. э. н., профессор Александр Широков, заведующий Центром постсоветских исследований Института экономики РАН, д. э. н., профессор Леонид Вардомский, главный научный сотрудник Центра постсоветских исследований Института экономики РАН, д. э. н., профессор Борис Хейфец,

и другие ученые, а также квалифицированные эксперты, преподаватели и студенты университета.

В свою очередь, ведущий научный сотрудник Центра постсоветских исследований Института экономики РАН Борис Хейфец отметил: «Из-за геополитической фрагментации в политике и экономике происходят изменения на глобальном и региональном уровнях. Мы должны уважать друг друга и стремиться к созданию гармоничной мировой экономики».

Профессор Аяпберген Алданаевич выступил с докладом на тему «Развитие регионализма на постсоветском пространстве: вызовы и возможности для Казахстана», в котором он остановился на политико-экономических тенденциях развития стран, бывших в составе Советского Союза, в последние годы. В ходе конференции были обсуждены экономические и социальные перспективы страны, вопросы отраслевого и регионального развития, инклюзивного роста, транзитного потенциала Казахстана и трансграничной торговли.

Из сайта Министерство
Науки и Высшего образования



5 September - Day of Languages of the People of Kazakhstan

Every year on September 5, Kazakhstan celebrates one of the most bright and significant holidays – the Day of Languages of the People of Kazakhstan. This day is a symbol of respect for the cultural and linguistic diversity of all nationalities living in our country.

History and significance of the holiday

The Day of Languages of the People of Kazakhstan was established in 1998 to preserve and develop the languages of all ethnic groups in the country. Initially, it was celebrated on the third Sunday of September, but in 2017, the date was moved to September 5 in honor of Akhmet Baitursynov, who made a significant contribution to the development of the Kazakh language. According to the law "About languages in the Republic of Kazakhstan", the state language is Kazakh. The Russian language is also used in state bodies. Citizens of the country are free to use their native language, and discrimination based on language is not permitted.

Languages spoken in Kazakhstan

Kazakhstan is a true linguistic mosaic. According to the DataHub_FCBK Telegram channel, Kazakhstan is home to more than 120 ethnic groups.

Among them are 660.6 thousand Uzbeks, 375.9 thousand Ukrainians, 301.6 thousand Uighurs, 224.3 thousand Germans, and 219.2 thousand Tatars. The country is also home to Azerbaijanis, Koreans, Turks,

Dungans, Belarusians, Tajiks, Kurds, Chechens, and Poles.

In Kazakhstan, media and broadcasts are produced in Ukrainian, Polish, Korean, German, Uighur, Turkish, and Dungan languages. There are also Sunday language centers and national theaters, including Kazakh, Russian, Uzbek, Uighur, German, and Korean theaters.

Festive events

On the Day of Languages of the People of Kazakhstan, events are held all over the country: lectures, concerts, and cultural programs in various languages. All of these activities bring together people of different nationalities. Special attention is given to children: in kindergartens and schools, drawing and craft contests are organized, focusing on the languages and cultures of Kazakhstan. Children actively participate, learning about the traditions of their ancestors.

The Day of Languages of the People of Kazakhstan reminds us that the unity of the country is built on respect for the cultures of all the nationalities living here. It is a great opportunity to reflect on preserving one's native language and passing it on to future generations.

*Earlier, the Chinese TikTok sensation Eun Joo has become widely popular for her performances of classic Kazakh hits and photos in traditional Kazakh costumes. Her rise to fame is partly attributed to the success of the series "My Altai," which gained significant acclaim in China and at the Cannes Television Festival earlier this year.

tengrinews.kz
assembly.kz

Photo by Almaty City Akimat

Fun Autumn Outdoor Activities for Kids

There is so much fun you can have with kids outdoor activities in Autumn. Autumn is the perfect time for outdoor adventures with kids! It's not too hot and not too cold. There are muddy puddles for muddy puddle nature walks and golden leaves to kick and scrunch and plenty of Autumn Nature Crafts to make during Autumn too! One of our favourite things to do during the autumn is to head out on a woodland walk to collect conkers, nature treasures and pretty leaves. You can find out some of the things we've made once we bring our Autumn leaves home in our post all about Autumn Leaf Crafts for kids.

Wondering what to do outdoors with the kids when it's rainy? If you're having a rainy fall, you'll



need our 'Rainy Day Outdoor Activities for kids But whatever the weather is doing where you are this Autumn, here's the ultimate list of Autumn outdoor activities for kids including Autumn nature crafts, Fall crafts, Autumn games for the garden and outdoor day trips and adventures, there's enough ideas to keep everyone busy! Why not give some of them a try this Autumn?

1. Make a Den

Here's a whole host of child led activities for kids to do during Autumn, the perfect season! Making a den is a fun Autumn outdoor activity for kids. Outdoor play is perfect for Autumn, you can marvel at the different colours and making a den can be a fun outdoor autumn activity for toddlers or older children. Why not try making it a competition between kids? Who can make the best den for their teddies or toys? For older kids you might want to call it a 'shelter' and

give points for 'shelters that are the most waterproof' to keep older kids playing in the woods this Autumn!

2. Play in the leaves

Crunch them, scrunch them, throw them, collect them, roll in them. – have fun with all the beautiful coloured leaves this Autumn! Keep reading for some ideas for Autumn Leaf Crafts for Kids. It's the perfect Autumn Activity for toddlers!

3. Collect Conkers

Do your kids collect pocketful of conkers during Autumn? It's a wonderful way to embrace the season! There's something special about collecting conkers – the smooth white silky skin inside – the shiny polished conker inside. Click here for some fun things to do with conkers.

4. Make an Autumn Mandala

Collect some Autumn treasures and turn them into land art by making an Autumn Mandala. This is a great Autumn learning outdoor activity for kids to make with fall leaves and a fun way to develop fine motor skills and for more fun activities – try jumping in a pile of leaves! The best part is crunching through them!

**The materials were prepared
by the editorial staff of the
Farabi Shakirti magazine**



Зерендінің ең керемет орындарының бірі - Үлгілі шатқалы.

Ақмола облысы

National Geographic Qazaqstan

